

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Әлеуметтік-педагогикалық факультет

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы

**«Жазуға үйрету технологиясы»  
пәнінен  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

050102 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі  
мамандығына арналған

Қарағанды 2011

Құрастырған:

**Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы** - бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының професоры

«Жазуға үйрету технологиясы» пәні болашақ бастауыш білім берудің педагогтарына жазуға үйрету технологиясынан білім, білік, дағдыны қалыптастыруды көздейді және оқу жоспарына сәйкес 4 курста 7 семестрде таңдау компонентіне кіретін элективті курс болып табылады.

**«Жазуға үйрету технологиясы»** пәнінен оқу-әдістемелік кешен/  
Құраст. Қ.А.Сарбасова – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. - 60 б.

© Қарағанды мемлекеттік университеті, 2011

# 1. ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ – SYLLABUS

**1.1 Оқытушы туралы мәліметтер:** Қ.А.Сарбасова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Байланыс ақпараты және кафедрада болу уақыты:

сейсенбі– 13-17 сағ.

жұма – 10-16 сағ.

Оқу корпусы №10, ауд.217

## **1.2. Пән туралы мәліметтер:**

Атауы: «Жазуға үйрету технологиясы»

Кредит саны: 2 кредит

Өткізілу орны: әлеуметтік-педагогикалық факультет

### *Оқу жоспарының көшірмесі*

Оқу түрі	Оқу мерзімі	Курс	Семестр	Кредит	Дерістер	Семинар	Лабораториялық	СӨЖ	СӨЖ	Барлығы	Бақылау түрі
күндізгі	4	4	7	2	15	15	-	30	30	90	емтихан
сырттай	3	3	4	2	20	10	-	30	30	90	емтихан

## **1.3. Пререквизиттер:**

Оқу пәнін студенттер сапалы меңгеру үшін:

Қазақ тілі, педагогика, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы және технологиясы, ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі, педагогикалық технологиялар саласынан білімі болуы қажет;.

өздігінен білімін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен өз бетімен жұмыс істеу, конспект, реферат жазу, ғылыми баяндамалар мен хабарламаларды дайындау, мемлекеттік ресми және номативті құжаттарды талдау икемділігі болуы керек.

#### **1.4. Постреквизиттер:**

«Жазуға үйрету технологиясы» курсын оқып-үйрену барысында студенттер мынадай білім, білік, дағды көлемін меңгереді:

- бастауыш мектепте жазуға үйрету технологиясын;
- жазуға үйретуді ұйымдастыру;
- бастауыш мектепте жазуға үйрету технологиясы бойынша маңызды ұғымдарды игерту.

#### **1.5. Пәннің қысқаша сипаттамасы:**

«Жазуға үйрету технологиясы» пәні болашақ бастауыш білім берудің педагогтарына жазуға үйрету технологиясынан білім, білік, дағдыны қалыптастыруды көздейді және оқу жоспарына сәйкес 4 курста 7 семестрде таңдау компонентіне кіретін элективті курс болып табылады. Пәнді оқып үйренуге 2 кредит бөлінген.

«Жазуға үйрету технологиясы» курсы 050102 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бакалаврларына әдістемелік даярлық беруде таңдау компоненті бойынша оқытылатын элективті курс болып табылады

**Курстың мақсаты** – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бакалаврларына жазуға үйрету технологиясы бойынша әдістемелік білім беру.

#### **Курстың міндеттері:**

- жазуға үйрету технологиясы пәніне, мақсаты мен міндеттеріне сипаттама беру;
- жазудың жалпы тәсілдерін оқушыларға үйрету әдістемесімен таныстыру;
- бастауыш сынып оқушыларының каллиграффиялық біліктерін қалыптастыру технологиясын меңгерту;
- көркем жазуға үйрету технологиясын меңгерту.

**Курсты оқып-үйрену нәтижесінде студенттер меңгеруге тиісті білім, білік және дағдылар көлемі:**

- жазуға үйрету технологиясы пәні, мақсаты мен міндеттері туралы білуі;
- жазудың жалпы тәсілдерін оқушыларға үйрету әдістемесі туралы білім;
- бастауыш сынып оқушыларының каллиграффиялық біліктерін қалыптастыру технологиясын меңгеруі;
- көркем жазуға үйрету технологиясын меңгеруі.

## 1.6 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрлері	Тапсырма мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау ұзақтығы	Бақылау түрі	Баллы	Есеп беру түрі	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Пәннің оқу-әдістемелік кешенімен жұмыс	Білімді жүйелеу	Семинар тақырыбына сәйкес	1 апта	жазбаша	3	конспект	1-апта
2	Пән бойынша библиографиялық тізім жасау	Негізгі әдебиеттердің мазмұнына талдау	Семинар тақырыбына сәйкес	1 апта	жазбаша	7	аннотация	2-апта
3	Ғылыми хабарлама	Зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру	Семинар тақырыбына сәйкес	2 апта	жазбаша	7	реферат	3, 10, 13 апта
4	СӨЖ тапсырмасын орындау	Талдау және таным қабілетін дамыту	СӨЖ тақырыбына сәйкес	СӨЖ кестесіне сәйкес	Ауызша жазбаша	2	Тапсырмалар жинағы	4, 11, 14 апта
5	Жазбаша түрде аралық бақылау	Кәсіби білімін шыңдау	1 жұмыс -1-4 тақырып 2 жұмыс - 5-7 тақырып бойынша.	Семинар № 4 Семинар № 7	Ауызша жазбаша	5	Бақылау жұмысы	1-8 9-16 апта

## **1.7. Әдебиеттер тізімі:**

### *Негізгі әдебиеттер:*

1. Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Редакциясын басқарған Ш. Әуелбаев/ - Алматы: Мектеп, 1987. - 206 б.
2. Жолымбетов Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 20 б.
3. Кенжебекова Н. Оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру // Бастауыш мектеп. - №8 – 2005. –Б.15-16.
4. Қазыбаев С. Қазақ тілі әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1990. - 112 б.
5. Львов М.Р. Основы обучения правописанию в начальной школе. Учебное пособие для слушателей ФПК и студентов начальных классов/Под ред. Журжиной М.В. – М.: Просвещение, 1988. – 229 с.
6. Меудис В.Я., Негурэ И.П. Психологические основы формирования письменной речи у младших школьников. – М.: Международная пед. академия, 1994. – 150 с.
7. Матюгин И.Ю. Тактильная память. – М.: НВК-центр. Эйдос, 1991. – 61 с.
8. Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1992.
9. Садовникова И.Н. Нарушение письменной речи у младших школьников. – М.: Просвещение, 1983. – с.7-8.
10. Сальникова Т.П. Методика обучения грамоте. – М., Воронеж, 1996.
11. Тұрдалиева К.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Алматы кітап, 2005.
12. Шаншарова С. Сауатты жазуға төселдіру// Бастауыш мектеп. - №4 – 2005. – Б.22-23.

### *Қосымша әдебиет:*

1. Агаркова Н.Г. Основы формирования графического навыка у младших школьников//Начальная школа. – 1999. - №4.
2. Агаркова Н.Г. Графический навык. Каллиграфический навык. (Программа для начальной школы)//Начальная школа. – 1994. - №7.
3. Агаркова Н.Г. Графический навык. Графический почерк. (Программа для начальной школы)//Начальная школа. – 1995. - №12.
4. Безруких М.М., Хохлова Т.Е. Как писать буквы. – М., 1993. – 48 с.
5. Гурьянов Е.В. Психология обучения письму. – М.: Просвещение, 1959.

6. Желтовская Л.Я., Соколова Е.Н. Формирование каллиграфических навыков у младших школьников. – М.: Просвещение, 1987. – 124 с.

### **1.8. Рейтинг-шкала**

Бақылау түрі	Балдары	
	күндізгі	сырттай
Ағымдық	30	30
Аралық	30	30
Қорытынды	40	40
Барлығы:	100	100

### **1.9. Курстың саясаты мен процедурасы**

- дәріс және семинар сабақтарына қатысу (20 балл);
- СООЖ және СӨЖ тапсырмаларын уақытында орындап, тапсыру кестесіне сай өткізу (8 балл);
- дәріс конспектілерінің, семинар сабақтарының орындау дәптерлерінің болуы (2 балл).

Курсты оқып-үйрену барысында студенттерге қойылатын әкімшілік талаптар:

Рефераттың мерзімінде орындалмауы	-5 балл
Баяндаманың мерзімінде орындалмауы	-2 балл
СООЖ және СӨЖ тапсырмаларының орындалмауы	Тақырып бойынша минус балл
Аралық тапсырмаға қатыспауы	-8 балл
Сабаққа кешігіп келуі және қатыспауы	Аралық бақылау бойынша минус 5 балл

## 2. ПӘН БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

### 2.1 Күндізгі бөлімнің тақырыптық жоспары

Барлығы 2 кредит

Тақырыптар атауы	Дәріс	Сем	Лаб	СОӨЖ	СӨЖ
1. Жазуға үйрету технологиясының пәні, мақсаты мен міндеттері	2	2	-	3	6
2. Жазуға үйретудің тарихы	4	4	-	3	6
3. Жазуға үйретудің әдістері	4	4	-	3	6
4. Жазу сауаттылығы және каллиграфиясы	2	2	-	3	6
5. Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясы	3	3	-	3	6
6. Жазудың түрлері	-	-	-	3	-
7. Қазақ алфавитіндегі әріп кескіні мен реті.	-	-	-	3	-
8. Жазбаша сөйлеу-сөйлеудің ерекше түрі	-	-	-	3	-
9. Жазуға үйретуде көрнекі құралдарды пайдалану	-	-	-	3	-
10. Жазуға үйретуде ақпараттық құралдарды пайдалану	-	-	-	3	-
Барлығы (сағат)	15	15	-	30	30

### 2.2 Дәріс сабақтарының тезистері

**№1 дәрістің тақырыбы: Жазуға үйрету технологиясының пәні, мақсаты мен міндеттері**

**Жоспар:**

1. Жазуға үйрету технологиясының сипаттамасы
2. Жазуға үйрету технологиясын оқыту міндеттері

1. Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу (жазба тіл) — адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Ал ауызекі тіл жайында мұны айта алмаймыз. Ауызекі тілмен сөйлесіп, қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі (телефонды есептемегенде) сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы кеңістікке байланысты болады да,



оның шеңберінен шығып кете алмайды. Ол кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызекі тіл арқылы жүзбе-жүз кездескен-де ғана, бір-бірімен сөйлесіп пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметі мен құндылығын ешбір төмендете алмаса керек. Ауызша тіл күнделікті өмірде ауызба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасауда, тікелей өз ара пікір алысуда айрықша қызмет атқарады.

Жазба тілдің ауызекі тілден (устная речь) кейін пайда болатаны, оның (жазба тілдің) жазудың шығып жасалуымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың шығып жасалуының, соған сай жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан зор маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, цивилизация атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Көрнекті жазушы Леонид Леонов жазудың маңызы туралы былай дейді: «Адамдардың тегін қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен роль атқарды. Алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынуындағы дәуір деп есептеуге болады, осыдан кітап басу станогының пайда болуына тура жол ашылды. Адам өзінің қазіргі өміріне нақ кітап арқылы баспалдақпен көтерілгендей көтерілді».

2. Адам білімді, негізінен, жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де – жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің заманымызда жасалып отырған мол рухани мәдениетті бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де — осы жазба тіл.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Көне жазу нұсқаларын талдап оқи білу ерте заманда өмір сүріп, қазірде өлі тілдерге айналған тілдермен танысуға немесе қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға және оны білуге мүмкіндік береді. Мұның тіл тарихын зерттеуде орасан зор маңызы бар. Жазудың тарихын зерттеп білу тіл білімі үшін ғана емес, сонымен бірге тарих ғылымы үшін де, археология мен этнография үшін де айрықша маңызды.

Халықтардың қазіргі жазуларын олардың дыбыстық тіліне қарым-қатынас жағынан қарастырып зерттей білу сол тілдің жазуларының ғылыми тұрғыдан дәлелді ережелерін жасау үшін өте-өте қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2,3, 4, 7, 8,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,6

**№2 дәрістің тақырыбы: Жазуға үйретудің тарихы**

**Жоспар**

1. Жазудың пайда болуының тарихи алғышарттары мен кезеңдері

2. Жазудың түрлері

1. Қазірде біз жазба тілді ауызша тілдегі сөздердің жазбаша түрде әріптердің тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Бірақ алғашында бұлай болмаған. Жазудың тарихына көз жіберсек, әріппен таңбалаудың кейінірек пайда болғанын көреміз. Жазу өте ерте заманда жасалып, мыңдаған жылдар бойы өзгеріп, дамып келді. Жазудың мыңдаған жыл бойына дамып жетілуімен бірге, оның принциптері де өзгеріп отырды.

Жазудың жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар бүтіндей сөзді, не буынды, немесе дыбысты белгілейді. Әрбір жазбаша таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай, жазу мынадай түрлерге бөлініп қарастырылады: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) буын жазуы (слоговое письмо), 4) әріптік немесе дыбыстық жазу. Енді осылардың әр-қайсысына арнайы тоқталайық.

2. Пиктографиялық жазу. Бұл - жазудың ең алғашқы түрі. Пиктографиялық жазу — суретке негізделген жазу. Сондықтан оны кейде сурет жазуы (рисуночное письмо) деп те атайды. Пиктографиялық жазудың таңбалары (суреттері) пиктограммалар деп аталады. Пиктографиялық жазудың ескерткіштері әр түрлі суреттердің жиынтығынан құралған. Әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды (сообщение) білдіре алады. Ол хабар графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Осыған орай пиктограмма тілдік формаларды емес, оның мазмұнын бейнелейді.

Осылай болғандықтан пиктограммалардың мағынасын әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар түсіне алатын болған. Пиктографиялық жазуға таңба ретінде адамның, қайықтың, малдың, тоғайдың т. б. суреттері қолданылған. Адамдар басқа біреулерге нені хабарлап білдіргісі келсе, соның суретін салған. Мысалы, «мен аң аулауға кеттім» дегенді білдіру үшін адамның суретіне қатарластырылып тоғайдың және аңның суреті салынған.

Алғашында өнер (искусство) мен жазу бір-бірінен ажырамай, синкретикалық қалыпта болды. Суретті-синкретикалық жазу шығу тегі жағынан ең алғашқы көне өнерге, сурет өнеріне барып тіреледі. Пиктографиялық жазудың тұңғыш рет шыққан мерзімі ең алғашқы сурет өнерінде әр түрлі суреттерді бейнелеу қызметінен бірдеме жайында хабарлау қызметіне ауысу кезінен басталады. Демек пиктографиялық жазу ең алғашқы суретті жазудың таңбалары — пиктограммаларға айналу кезінен басталады. Мұның өзі өте көне дәуірге барып тіреледі. Зерттеушілер суретті-синкретикалық (пиктографиялық) жазу ең алғаш рет неолит дәуірінде пайда болды деп есептейді.

Пиктографиялық жазуды аң аулайтын және балық аулайтын халықтар жиі қолданатын болған. Пиктографиялық жазу басқа тілдерге қарағанда полисинкретикалық тілдерге бір табан жанасымды болды. Жоғарыда атап өткеніміздей, пиктограммалар бүтіндей хабарды білдіретін, бөлшектеп ажырата беруге келе бермейтін күрделі таңбалар болған. Пиктограммалардың синкретикалық мұндай сипаты полисинкретикалық тілдерге үйлесімдірек болғандықтан, пиктографиялық жазуды басқалармен салыстырғанда, полисинкретикалық тілдерде сөйлейтін халықтар (ацтектер, америкалық индеецтер, мысалы, прокездер, Қиыр Солтүстіктің көптеген халықтары және т. б.) кең түрде қолданатын болған. Алайда бұған қарап, тілдердің полисинкретикалық құрылысы пиктографиялық жазуды тудыруға себепші болды деп санауға болмайды. Пиктографиялық жазу басқа типті тілдерде сөйлейтін халықтарда да болған. Бұл жерде әңгіме тілдердің полисинкретикалық құрылысы осы тілдерде сөйлейтін халықтарда пиктографиялық жазудың дамуына мүмкіндік берген жағдайлардың бірі екендігі жайында болып отыр.

Пиктографиялық жазу өте жабайы жазу болды, оның кең мазмұнды ойды түгелімен жазып жеткізуге мүмкіндігі болмады.

Пиктографиялық жазудың тәсілін қазірде де кездестіруге болады. Мысалы, көшеде жүрудің тәртібін аңғартатын әр түрлі белгілердің, магазиндер мен шеберханалардың жарнамасындағы бас киімнің, аяқ киімнің түрлерінің суреттері, сағаттың, примустың, және т. б. суреттерінің пиктографиялық сипаты бар.

2.Идеографиялық немесе логографиялық жазу. Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық жазудың таңбалары идеограммалар деп аталады. Пиктографиядан идеографияға көшу өте баяу болды және пиктограммалардан пайда болған идеограммалардың алғашында пәлендей айырмашылығы да болмады. Идеографиялық жазудың даму барысында идеограммалар пиктограммалардан біртіндеп алшақтап, акырында олар (идеограммалар) белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделуден қалып, шартты таңбалар ретінде қолданыла бастаған. Идеографияның пиктографиядан ең басты айырмашылығы таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында. Идеографиялық таңба (идеограмма) не жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін (мысалы, қытай тілінде бір буынды сөздерден құралған күрделі түбір морфемаларды немесе жапон және корей тілдеріндегі грамматикалық жақтан өзгеретін сөздердің негіздерін) белгілейді.

Идеографиялық жазудың, үлгілерін өте ертедегі қытай жазуы мен шумер жазуынан (древнейшее шумерское письмо) көруге болады. Қытай жазуының идеографиялық жүйесі осыдан төрт мың жыл бұрын жасалған болатын. Қытайдың жазу жүйесі әрбір таңбаның дыбыстық тілдегі белгілі бір сөзге сәйкес келіп, соған телінуіне негізделген. Қытай жазуындағы таңбалар біртіндеп өзгеріп, жетіліп, белгілейтін заттар мен құбылыстардың шартты таңбаларына айналған.

Идеографиялық жазудағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді; олар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді. Сондықтан қытай тілінде омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді, бірақ олардың дыбысталуы мен морфологиялық құрылысы біркелкі болады. Жазудың идеографиялық принципін қазіргі тілдердегі сандардың таңбаларынан да көруге болады. Мысалы, «5» деген цифрды алайық. Бұл цифрдың сандық мағынасын орыс та, қазақ та, неміс те, ағылшын да, басқалар да түрліше емес, бірдей ұғынады.

Бірақ бұл цифрдың атының дыбысталуы әр тілде әр түрлі: орысша — пять, қазақша — бес, ағылшынша — five.

Цифр белгілі бір ұғымды санның таңбасы ретінде көрсе бірақ ол таңбаның цифр атының дыбысталуына (дыбыстық жағына) ешбір қатысы болмайды. Осы ерекшелік — идеограммалар мен идеографиялық жазуға да тән нәрсе. Идеограммаларды цифрлар тәрізді таңбалар деп түсіну керек.

Қазіргі кездегі идеограммалар (математикалық, химиялық, астрономиялық және т. б. ғылыми-техникалық таңбалар) жеке сөзбен немесе сөз тіркестерімен айтылатын ғылыми терминдерді білдіреді. Мысалы: O—«кислород», V— «түбір», (+)—«Атом ядросы», h— «Планк тұрақтысы». Ғылым саласында жаңадан пайда болған ұғым, ең алдымен, сөз тіркесімен айтылады да, осыдан кейін барып ол арнаулы таңбамен (белгі) белгіленеді.

Пиктографиялық жазуға қарағанда, идеографиялық жазудағы идеограммалар өзінің мағыналары арқылы тілді дәлірек бейнелейді. Идеографиялық жазу сөйлеудің мазмұнын білдірумен бірге, оның белшектері — сөздерді, сөздердің синтаксистік орын тәртібін, кейбір жағдайда сөйлеудің фонетикалық жағынан да ажыратып бере алады.

Лингвистикалық әдебиеттерде пиктографияны синкретикалық жазу немесе суретті-синкретикалық жазу (картинно-синкретическое письмо) деп, ал идеографияны логографиялық жазу, осыған орай идеограмманы логограмма деп атаудың қажеттілігі айтылып жүр.

Логограммаларды сөздерді белгілейтін таңбалар ретінде екі түрге бөліп қарауға болады. Логограммалардың кейбіреулері (мысалы, қытайдың идеографиялық иероглифтері) сөздердің мағынасымен тікелей байланысты болса, қайсыбіреулері (мысалы, қытайдың фонетикалық иероглифтері) сөздердің фонетикалық жағымен тікелей байланысты болады. Бұл логограммалардың бір-бірінен айырмашылығы мынадан ашық айқын көрінеді: бұлардың біріншілері бірнеше синонимдерді белгілеу үшін қолданылса, екінші түрі бірнеше омонимдерді белгілеу үшін қолданыла береді. Логографиялық жазу бойынша сөздерді дәлме-дәл белгілеу үшін логограммалардың бұл екі түрі бір-бірімен тіркесіп қолданылады.

Жазу және оның мәселелері жайындағы әдебиеттерде логограммалардың бұл екі түріне қатысты түрліше терминдер қолданылып жүр. Мысалы, логограммалардың бірінші түрі (сөздің мағынасымен тікелей байланысты түрі) «идеограммалар» (сөздің тар

мағынасында), «идеографиялық иероглифтер», «мағына айқындауыштар» («смысловые определители»), «детерминативтер» делініп, ал екінші түрі (сөздің фонетикалық жағымен тікелей байланысты түрі) «фонограммалар», «фонетикалық иероглифтер» делініп әр түрлі терминдермен аталып жүр. Логограммаларға қатысты терминологияны бір ізге түсірген, әрине қолайлы болған болар еді. В. А. Истрин идеограмма деген терминді логограмма деген терминмен ауыстырғанда, логограммалардың бірінші түрін идеографиялық логограммалар деп атау дұрыс дейді. Бұған қоса ол идеографиялық логограмма және фонетикалық логограммалар деген терминдермен бірге, мағына айқындауыш (детерминатив) деген терминді де сақтаудың керектігін айтады. Бұл термин тар мағынасында, яғни логограммалар сөздердің дербес таңбалары қызметінде емес, омонимдес келетін фонетикалық логограммалардың мағыналарын айқындап ажырату қызметінде жұмсалғанда қолданылады. Мысалы, қытай тілінде *gan* деген фонетикалық логограмма, мағына айқындаушысы болмағанда, өздігінен жеке-дара күйінде «төбе, төбешік» дегенді білдіреді. Бұл фонетикалық логограмма (*gan*) «металл» деген мағынадағы айқындаушы сөзбен тіркесіп айтылғанда, «болат» дегенді, «пышақ» деген мағынадағы айқындаушы сөзбен тіркескенде, «қатты» (твердый) дегенді білдіреді де, «жіп» деген айқындаушы сөзбен тіркескенде, «аудың (тордың) негізі» дегенді білдіреді. Қытай тіліндегі *ta* деген фонетикалық логограмма да осы тәрізді. Бұл логограмма өздігінен «ат» дегенді білдірсе, «әйел» деген мағынадағы айқындаушымен тіркескенде, «ана, шеше» дегенді, «екі ауыз» деген мағынадағы айқындаушымен тіркескенде, «ұрысу» дегенді білдіреді. Сонымен, идеографиялық логограммалар мағына айқындаушыларға (детерминативтерге) ауысқанда, толық мағынасындағы логограммалар болудан қалып, фонетикалық логограммалардың мағыналарын айқындап дәлдей түсетін идеографиялық көмекші таңбаларға айналады.

Логографиялық жазудың жетіле түскен түрі — морфемалогографиялық жазу. Бұл жазудың таңбалары (белгілері) бүтіндей сөзді емес, күрделі сөздің құрамына енетін жеке морфемаларды белгілейді. Осыған орай морфемаларды белгілейтін таңбалар морфемограммалар деп аталады. Қазіргі қытай иероглификасы морфема-логографиялық жазу болып саналады. Қазіргі қытай тіліндегі көп буынды сөздердің көпшілігі алғашқы бір буынды

сөздердің бірігуінен жасалған. Ондай бір буынды сөздер көп буынды сөздердің түбір морфемаларына айналып кеткен. Осыған орай алғашында бір буынды сөздерді белгілеген иероглифтер кейіннен көп буынды сөздердің құрамына енген түбір морфемаларды белгілейтін болды.

Қазіргі ғылыми таңбаларды (научные знаки) логографияның айрықша бір түрі ретінде қарауға болады. Бұл таңбалар әдеттегі сөздерді емес, терминдерді белгілейді, солардың «орынбасарлары» ретінде қолданылады. Терминдер сөздердің айрықша бір түрі болып саналатыны сияқты, ғылыми таңбалар да логограммалардың бір түрі болып саналады. Мұндай ғылыми таңбаларды В. А. Истрин терминограммалар деп атайды.

Жазу және оның тарихы туралы еңбектерде гетерограмма немесе жалған идеограмма (псевдоидеограмма) деген термин де кездеседі. Алғашында бір тілдегі белгілі бір сөзді белгілеу үшін қолданылып, кейіннен сол сөзге мағынасы жағынан сәйкес келетін басқа бір тілдегі сөзді белгілей бастаған логографиялық таңба немесе буын таңбаларының комплексі (сондай-ақ дыбыс таңбаларының комплексі) гетерограммалар деп аталады. Гетерограммалар алғашында өзінің жазуы мен жазба әдеби тілі болмаған, оларды басқа елдерден (халықтардан) қабылдаған, ақырында ол жазуды өздерінің тілі үшін қолданған халықтарда пайда болды. Мысалы, қытай жазуын қабылдап, оны өз тіліне сәйкестендіріп алған жапондықтар қытай тілінде «адам» дегенді білдіретін иероглифті қытайша (жэнь) емес, жапонша (хито) оқитын болған. Сондай-ақ ежелгі фарсылар арамей жазуын қабылдап, «патша» дегенді арамейше жазғанмен (т-1-к) фарысша оқитын болған (sah). Арамейше «патша» дегенді білдіретін дыбыстық комплекстің (т-1-к) фарысша sah түрінде оқылуы бұл дыбыстық комплекстің (m-1-к), фарсы тілінде идеографиялық логограмма тәрізді қызмет атқаратындығын көрсетеді. Бұл құбылыстың гетерограмма немесе жалған идеограмма (псевдоидеограмма) деп аталуы да осыдан. Гетерограммалар әсіресе хетт сына жазуында, фарсы-арамей жазуында және жапон жазуында жиі қолданылатын болған.

Логографиялық жазу пиктографиялық жазудың даму барысында пайда болды дедік. Пиктографиялық жазуда бүтіндей бір хабарды білдіретін сурет-бейнелер логографиялық жазуға біртіндеп көшу

барысында іштей бөлшектеніп, бейнелеуші ол бөлшектер жеке сөздерді белгілей бастайды да, осыдан логограммалар пайда болады.

Логографиялық жазу қоғам дамуының қай дәуірінде пайда болды?

Зерттеушілер логографиялық жазудың пайда болуын құл иелену құрылысының пайда болып, ежелгі мемлекеттердің жасалуы, сауданың дамуы осыған орай жазбаша түрде қарым-қатынас жасау қажеттілігінің күшеюімен байланыстырады. Египет, шумер, қытай және т. б. логографиялық жазу жүйесі ең алғаш құл иелену мемлекеттерінің құралып жасалған кезінде солармен бір мезгілде пайда болған.

Пиктографиялық жазудан логографиялық жазуға көшуге және оның қалыптасып орнығуына қоғамдық себептермен бірге тілдің кейбір ерекшеліктері де себепші болды. Ондай ерекшеліктер деп мыналарды атауға болады: 1) сөйлеудің жігі ажырап, одан сөздердің бөліне алуға икемділігі; 2) логограммалар арқылы белгіленген сөздердің грамматикалық жақтан өзгерілмейтіні және олардың сөздің грамматикалық өзгерісін қосымша фонетикалық таңбалардың көмегінен білдіре алмайтындығы. Түрлі тілдердің ішінде логографиялық жазудың дамуына және қалыптасып орнығуына қолайлы тілдер делініп, әдетте, түбір тілдер аталады. Түбір тілдерде сөз грамматикалық жақтан өзгеріске түсе бермейді де, қосымша фонетикалық (буын немесе дыбыстық) таңбалардың болуын әрдайым қажет етпейді. Осыған орай түбір тілдерде сөздер логограммалар арқылы таңбалануға икемді келеді. Түбір тілдерге қарағанда, агглютинативті тілдердің логографиялық жазуға сәйкестілігі азырақ икемділігі кемдеу. Агглютинативті тілдерде форма тудырушы аффикстер қосымша фонетикалық (буын немесе дыбыстық) таңбалардың болуын қажет етеді. Мұның есесіне агглютинативті тілдерде сөздің түбірі (немесе негізі) оңай бөлініп шығады да, логограммалармен берілуге икемді болады. Мұнымен бірге, агглютинативті тілдерде сөздің негізін белгілейтін логограммалар аффикстерді белгілейтін фонетикалық таңбалармен емін-еркін тіркесіп айтыла алады. Ал логография флективті тілдерге, әсіресе полисинкретикалық тілдерге тіптен жанаспайды, өйткені бұл тілдерде әсіресе полисинкретикалық тілдерде сөздің сөйлемнен жігі ажырап бөлінуге икемділігі аз болады. Агглютинативті тілдермен салыстырғанда, флективті тілдерде сөздің түбір мен аффикстерге



ажырауы әлдеқайда күрделі. Осының бәрі флективті тілдер мен полисинкретикалық тілдер үшін логографияның жанасымсыз екендігін көрсетеді. Логографиялық жазудың қытайда дамып қалыптасуы оның қытай тілінің құрылысына (қытай тілі түбір тілдердің қатарына жатады) жанасымдылығымен байланысты болса, шумер жазуы мен жапон жазуының логографиялық буынды (логографически-слоговой) жолмен дамып қалыптасуы бұл тілдердің (шумер, жапон) агглютиивті тілдер болуымен байланысты.

Египет, шумер, қытай, ацтек жазулары логографиялық жазу болды. Логографиялық жазу жүйелерінің барлығында да нақтылы мағынасы бар сөздер заттар мен құбылыстардың бейнесімен немесе схема түрінде беріледі. Мысалы, египет жазуында үкі, көкаршын, арыстан, коян, аяқ деген сөздер осылардың бейнесімен берілсе, қала, су дегендер бейнелі-схемалы түрде берілген.

Ертедегі шумер жазуында көз, ағаш, тау, сабақ деген сөздер, қытай жазуында күн, тау, ат, ауыз деген сөздер де осы бейнелеу немесе схема түріндегі тәсілдермен берілген.

Абстракті мағынасы бар сөздерді, соның ішінде етістіктер мен сын есімдерді таңбалау үшін образды-символдық сипаты бар бейнелер (изображения) қолданылған.

Ондай белгілерді қолданудың әр түрлі тәсілдері бар: 1) Синекдоха тәсілі бойынша бүтін бөлшекпен бейнеленген. Мысалы, «жауынгер», «шайқас» деген сөздер екі колдың бейнесі (бірінде қалқан, екіншісінде найза) арқылы берілген. 2) Метонимия тәсілі бойынша нәтижесінің орнына себеп, адамның дене мүшелерінің қызметінің орнына оның өзінің бейнесі белгіленген. Мысалы, мерзім мағынасын білдіретін күн деген сөз күннің бейнесі арқылы белгіленсе, жүру деген етістік аяқтың атталу бейнесімен, көру деген етістік екі көздің бейнесімен берілген. 3) Метафора тәсілі бойынша белгіленетін сөз басқа заттар мен құбылыстардың ұғымдарымен ассоциацияға түсіп, солардың бейнесі арқылы берілген. Мысалы, қомағайлық, ашқарақтық, деген сөздер крокодилдік бейнесімен, суық деген сөз су ағып тұрған түтіктің бейнесімен берілген. 4) Сөздер энигматикалық (жұмбақ) тәсіл бойынша белгіленген. Бұл тәсіл аңызға немесе наным, түсінікке негізделеді. Мысалы, Египет жазушысы Горапаллонның (IV ғасыр) айтуынша, египеттіктер страустың қанатындағы қауырсындардың барлығы бірдей тең болады

деп түсінген де, осыдан келіп әділеттік деген сөз страустың қауырсынының бейнесімен белгіленген.

Жыл деген сөз пальманың бұтақтарының бейнесімен белгіленген, өйткені египеттіктер пальманың бұтағынын, саны 12 болады деп түсінген<sup>1</sup>.

Шумер жазуында абстракті мағыналы сөздерді белгілеу үшін екі логограмманың тіркесі қолданылған.

Бұл ретте логограммалардың мынадай тіркесін мысалға келтіруге болады: құс + жумыртқа = туу; нан + ауыз=жеу; жұлдыз+су=жауын. Шумер жазуында абстракті мағыналы сөздер 5-суретте көрсетілген түрде белгіленген.

Логографиялық жазудағы таңбалар дамудың барысында бейнелеу сипатынан біртіндеп алшақтайды да, олардың графикалық формасы қарапайым түрге келе бастайды.

Логографиялық жазудың бірсыпыра кемшіліктері бар. Олар мыналар: логограммалардың көптігі, логографиялық жазудың өте-өте күрделілігі және логограммалар арқылы грамматикалық формаларды білдірудің қиындығы.

3. Буын жазуы. Жазудың даму барысында буын жазуы пайда болады. Жазудың буын жүйесінде таңба буынды белгілейді. Жазудың буын жүйесі шығу тегі мен таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан бірнеше түрге бөлінеді. Таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан буын жазуын негізгі үш түрге бөліп қарауға болады.

Мұның бірінші түріне ассировавилон, элам, урарт, сына жазулары (клинолиси), майя жазуы, лигатуралы дыбыстық корей жазуы (корейское лигатурное-звуковое письмо) жатады. Жазудың бұл жүйелерінде таңбалар кез келген буынды, атап айтқанда, буынның мынадай түрлерін белгілейтін болған: дара дауыстының өзі, А (дауысты)+С (дауыссыз), С + А, С+А + С; майя жазуында сөз соңындағы дауыссыздарды да белгілеген.

Буын жазуының екінші түріне критмикен (критско-микенское) буын жазуы, кипр, Эфиопия және жапон (кана) буын жазулары жатады. Жазудың бұл жүйесінде таңбалар тек дара дауыстыларды және дауыссыздардың тіркесі мен белгілі бір дауыстың қосындысын белгілейді.

Буын жазуының үшінші түріне үнді (индия) жазуының әр түрлі жүйелері (кхарошти, брахми және т. б.) енеді. Жазудың бұл

жүйесінде негізгі таңбалар (лигатуралы еместері) жеке-дара дауыстыларды («а») және дауыссыз бен дауыстының («ка») қосындысын белгілейді.

Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан да үш топқа бөлінеді.

Логографиялық жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр буын жазулары.

Эфиопия, индия (брахма, кхарошти және осылардан жасалған жазулар) буын жазулары.

Жапон буын жазуы (жапондық кана) мен лигатуралы-дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кунмун).

Логографиялық жазуға қарағанда буын жазуы оқыту ісі үшін де, қолдану үшін де қолайлырақ. Жазудың буын жүйесіндегі таңбалардың саны да ықшамырақ. Логографиялық-фонетикалық жазу жүйесінде мыңдаған таңбалар болса, жазудың буын жүйесінде таңбалардың саны (лигатуралы таңбаларды қоспағанда) отыз бес немесе қырықтан бастап (брахми, кхарошти және фарсы-ахеменид жазулары) екі жүзге дейін (эфиопия жазуы) жетеді. Буын жазуы тілді, әсіресе оның фонетикалық жағын дәлме-дәл беруге икемді. Буын жазуы сөздің грамматикалық формаларын да бере алады.

Буын таңбалары (слоговые знаки) ең алғашында бір буынды сөздерді белгілейтін идеографиялық логограммалардың негізінде пайда болған. Мұндай логограммалар о баста омонимдес сөздерді таңбалап, фонетикалық логограммаларға айналған да, кейінде көп буынды сөздердің олармен (омонимдермен) ұқсас дыбысталатын бөлшегін белгілейтін болған. Осылайша жиі қолданыла келіп, ол таңбалар дербес сөздердің таңбасы емес, буынның таңбасы ретінде ұғыныла бастаған.

Ертедегі буын таңбалары біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың бас кезінде шумер жазуында бір буынды сөздерді таңбалаған логограммалардан пайда болған. Мысалы, «садақтың оғы» деген мағынаны. білдіретін сөзді (шумер тілінде ti) белгілеген таңба ti деген буынды да таңбалау үшін қолданылған. Шумер жазуында біздің, заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың бірінші жартысында буын таңбалары кең түрде тарайды да, бұл жазу біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың ортасында логографиялы буын жазуына айналады.

Шумер жазуындағы идеографиялық логограммалар мен фонетикалық логограммалар кісі аттарын, әсіресе шетелдік кісі

аттарын немесе жаулап алынған қалалардың аттарын таңбалауға икемсіз болды. Мұның үстіне шумер тілінің құрылысы да буын таңбаларын қажет етті. Өзінің грамматикалық құрылысы жағынан шумер тілі агглютинативті тілдерге жақын. Бұл тілде сөздің түбіріне аффикстер агглютинативті принцип бойынша жалғанған. Ондай аффикстерді логограммалар арқылы таңбалау қиын болып, олар буын таңбаларымен белгіленген. Шумер жазуының буын жазуына көшуіне тағы бір мынадай қолайлы жағдай болды: шумер тілінде бір буынды сөздер көп болған да, олар 1) жеке-дара дауыстыдан (мысалы: і— «бес», е—«үй»), 2) дауыссыз бен дауыстыдан s — „кол“, li—„адам“) немесе 3) дауысты мен дауыссыздан (as— „бір“, an—„көкаспан“), 4) дауыссыз бен дауысты және дауыссыздан (Riu—„e“) құралған. Осындай бір буынды сөздерді белгілеген логограммалардың буын таңбаларына айналуы оңай болған.

Шумер буын жазуын ассириялықтар мен вавилондықтар қабылдайды. Бұл жазу "эламиттер мен хеттерге және урарттарға да тарайды. Крит (критское) буын жазуы да алғашқы логограммалардың буын таңбаларына айналуынан жасалған. Ал кипр жазуы осы аталған крит жазуынан пайда болған. Кипр жазуының бізге белгілі 55 таңбасы бар.

Оның ішінде бесеуі жеке-дара дауыстыны таңбалайды да, қалған елуі дауыссыз бен дауыстының тіркесін таңбалайды. Тарихи жағынан мұнан кейін пайда болған буын жүйелі екінші бір жазу — индиялық брахми, кхарошти жазулары мен осылардың негізінде жасалған басқа жазулар және Эфиопия жазуы. Бұл жазулар логографияның негізінде емес, консонантты-дыбыстық жазудың (консонантно-звуковое письмо) вокалдануының (вокализация) негізінде жасалған. Брахми жазуы Индияның қазіргі мемлекеттік жазуы - деванагари жазуына дейін күллі Индияға кең тараған жазу болды. Брахми алфавитінде жеке-дара дауыстыны (әдетте, сөз басындағы дауыстыны) белгілейтін 4 таңба, буынды (дауыссыз+қысқа дауысты а дыбысы) белгілейтін 31 таңба және ануспара деп аталатын арнаулы таңба (соңғы дауыссыздың мұрын жолды болып айтылатын көрсететін таңба) болған. Басқа бір дауыстымен, атап айтқанда, а дыбысынан басқа дауыстылармен айтылатын буындарды белгілеу үшін буын таңбасының астынан немесе үстінен сол дауыстыны көрсететін қосымша белгі қосақталған (мысалы: ta (буын -таңбасы) +i (арнаулы қосымша белгі) = ti ).

Буын жүйелі жазудың жоғарыда аталған екі түрінен кейініректе пайда болған үшінші бір түрі — жапонның к а но деп аталатын буын жүйелі жазуы мен корейдің к у ң м у н деп аталатын лигатуралы-дыбыстық жазуы. Жапон жазуында сөздің түбірі қытай иероглифтерімен беріледі де, аффикстермен кептеген көмекші сөздер буын таңбаларымен белгіленеді.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,4,6

### **№3 дәрістің тақырыбы: Жазуға үйретудің әдістері**

#### **Жоспары:**

1. Жазуға үйретудің негізгі ерекшеліктері
2. Жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері
3. Жазуға қойлатын гигиеналық талаптар

**1.** Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Мектепте грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың сауаттылығы да солғұрлым жоғары болады. Олай болса, белгілі бір жазу ере-жесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар саналы түрде уғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Мұнда ережені мәніне түсінбей, құр жаттап алудан сақ болған жөн.

Мұғалім тіл құбылыстары мен жазу ережелерін анық етіп түсіндіріп, оқушыларға сол ережелер мен қосымша аралығында да (*бас-шы*, башшы емес), сөз шекарасында да (*боз құнан*, бозғұнан емес) біріккен сөздерде де (*Үмбетбай*, Үмбетпай) емес сақталып жазылады.

Тілімізде орыс тілінен енген, аяғы үнді дыбыс — әріптерге біріккен бірсыпыра сөздер бар (Ленинград, клуб, педагог т. б.). Бұл сөздердің соңғы үнді дыбыстары айтылуда қатаң дыбыстарға айналады, яғни д, г, б дыбыстары қатаңдап т, к, п дыбыстарына айналып айтылады. Мұндай сөздерге қосымша да қатаң дыбыстан басталып жалғанады: *Ленинградқа, педагогке, клубтан*. т. с. с. Бұлар грамматика ережелеріне сүйеніп үйретіледі.

Қазақ тілінде фонетикалық принципке сүйеніп, естілуінше жазылатын сөздер көп-ақ: *қалам, кітап т. б.* Кейде көнерген біріккен

сөздер дәстүрлі принциппен, естілуінше жазылады: қыстыгүні, ашудас т. б.

Қысқасы, жазуға үйрету методикасы тіл ғылымының ерекше бір саласы болып табылатын жазу теориясына сүйенеді.

2. Белгілі бір жүйелі білім танымдық қызметте ақпараттық байланыстардың синтезі арқылы қалыптасады. Бүкіл ақпараттық байланыстар балаға жан-жақтан “ бұрылады” да, ойлау әрекетімен оның нәтижесінің, өнімінің арасында операциялық жүйе пайда болатын ми қызметін жаңа бір тәсілін тудырады. Сондықтан авторлық оқулықтарды жазуда оқу әрекетінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін нейропсихологиялық жүйе пайда болатын ми қызметін реттеуші психофизиологиялық механизм-жалпылама ақпараттық интеграцияны негізге аламыз. Зерттеулердегі бала тілін, әсіресе жазба тілін дамыту және сол тіл арқылы ақыл-ойдың шығармашылығын дамыту мақсатындағы жасалған интеграциялар-тіл-жазу-нәтижесінде шығармашылықты дамытумен қатар, мектепке жаңа келген баланың алғашқы жылындағы қызметінің жаңа тәсілін тудырады.

Ол жаңа тәсіл – балаға жазу дағдысына үйрету. Бұл әрекеттің жаңа тәсілінің мәні, жаңалығы мынада: бала психологиясының мектепке дейінгі табиғи даму динамикасын үздіксіз, бірізді жалғастырып алып кету арқылы алдағы уақытта баланың жазу дағдысын дамытып, шығармашылығын арттыруда интеграция арқылы негіз салу және әрі қарай дамыту. “ Тілі дамымаған баланың басқа да психикалық қызметтері дамымайды”. Әсіресе графикалық жазу дағдысы маңызды және күрделі мәселе.

Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгерудің, яғни оқушының жазу дағдысын қалыптастырудың бастауышта үш кезеңі ( элементтік кезең, әріптік кезең, әріптерді жалғастырып жазу кезеңі) бары, сол кезеңдерге қойылатын талаптарды орындауға төселдіру қажеттігі және мұның бәрі өте күрделі процесс болып табылатындығы туралы айтылып және басшылыққа алынып келеді. Ғалымдардың “ жаңа түрдегі психологиялық операция пайдалану керек”, “жазу дағдысын үйрену қажет” деп отырғандары – баланы жазу әрекетіне үйретудегі жаңа тәсіл. Олай болса, баланың мектепке дейінгі ішкі ойын сыртқа шығаруының табиғи тәсілін мектепке келген бірінші жылы “Әліппеден” оқыған, жазғанымен, яғни оқу, жазумен оны интеграциялауымыз, тәжірибе көрсеткендей, графикалық жазу дағдысы ұғымын дамытудың көзі болады деп ойлаймыз.

Кішкене бала тілі шықпай, қолына қарындаш ұстайтын шаққа келгенде – ақ, түрлі сызықтар сыза бастайды. Л.С.Выготскийдің зерттеуі бойынша ол бізге, үлкендерге, шимай сызық болғанмен, бала үшін ішкі ойдың көрінісі, яғни бала ойын қолының қозғалысы арқылы көрсетеді. Тілі шыға бастаған кезде бұл шимайлар мағыналы сызықтарға айнала бастайды. Бала ол сызықтарына ішкі ойлау арқылы мағына беріп, бара-бара ойын сыртқа тіл арқылы шығарып сурет сала бастайды. Сурет сала отырып, сөйлеп отырады. Міне, біз осы ішкі психикалық процесс арқылы балада табиғи тәсіл қалыптасады деп қарастырамыз. Сонда табиғи тәсіл деп отырғанымыз әуелі шимай, кейінгі суреттер салу – баланың ішкі ойының сыртқа шығу тәсілі. Бұл тәсілді бала мектепке дейін дамытып келеді. Мектепке келгеннен кейін бұл тәсіл ескерілмей, жазуға үйретудің дәстүрлі әдістемелік жолы қолданылады. Балаға таныс емес жаңа тәсіл оның даму динамикасын күрт басқа арнаға салып жібереді. Бір ағаштың бұтағын кесіп, екінші ағашқа телігендегі жасандылықтың табиғи өсу қалпына түсіп кетуіне кететін уақыт пен күтім қажеттігіндей, жасанды шаралар, әдіс, тәсілдер баланың жазу дағдысын дамытуды кешеуілдетеді. Баланың өзі білетін символикасын, яғни толық ойды білдіретін фразаларды суретпен бере алу қабілетін, басқа символикалық (әріптік) жазуға бір қалыпты көшірмей, бірден көшіру бала дамуын тежеп тастайды. Әбден әріптерді үйреніп, сөздерді сөйлемдерді жазып кеткенше, табиғи тәсілін тоқтатып қойып, әңгіме жазар шақ келгенде, “ ал енді әңгіме жаз” деген тапсырманың балаға қорқынышты болатыны осыдан деп ойлаймыз. Бұдан шығудың жолы – балаға графикалық жазу дағдысын үйрету.

Баланың алғашқы символикалық жазуы – пиктографиялық жазудан (заттың суретін салу арқылы жазу) одан кейінгі екінші символикалық жазуы – идеограммалық жазуға (сөздің, ойдың суретін салу арқылы жазу) көшіру процесі жазу механизміне үйретеді. Осылай жазу дағдысына үйрену ғана жазба тілге көшуге ықпал жасайды. Баланы жазуға үйретуге психологиялық жағынан дайындайтын осы кезең болуға тиіс. Мұны зерттеп көру өте қиын жұмыс. Бірақ бір анық нәрсе: баланы нағыз жазуға үйрету жазу дағдысын қалыптастырумен келмейді, заттардың суретін салудан сөз суретін салуға көшу кезеңі арқылы үйренеді.

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінде: білім беру бағдарламаларын меңгеру

үшін жағдайлар жасау және жеке адамының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатын байыту» - деп атап көрсеткен. Осыған сәйкес қоғам алдында білім жүйесін саналық жағынан жаңарту, жалпыбілім беретін ХХІ –ғасыр мектебінің жаңа моделін таңдау, оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Осы міндеттерді жүзеге асыру бағытында мектепалды даярлығына әзірленген сауат ашу бірінші сыныптағы әліппені оқуға даярлықты жүзеге асыруға үйлестіріліп жасалады.

Себебі, онда рухани – адамгершілік құндылықтың іргетасы қаланады. Сауат ашу арқылы баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы дамып интеллекті байиды. Ол үшін сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдысының негізін қалау, фонетикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды ажырата білу, әріптің баспа түрін таңбалап жазу, әріптерді таныту, буын, сөз, сөйлемді оқытуға үйрету сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру өздігінен оқуға, жазуға дағдыландыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, ауызша сөйлеуге үйрету жүзеге асырылады. Осы мақсатты шешу үшін , сауат ашудатөмендегідей міндеттерді жүзеге асыру керек:

1. оқушылардың жазу ерекшеліктерін ескеру;
2. сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеру, яғни сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
3. буындап оқу әдісі арқылы, сөзді тұтастай оқуға дағдыландыру;
4. дыбысты әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас оқуға дағдыландыру;
5. дыбысты әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас жазуға үйрету;
6. жазудың талаптарын орнату;

Алты жастығыларды оқытудың тиімді амалдарын саналы меңгеру үшін мұғалім төменде келтірілген негізгі жағдайларды білуі тиіс:

1. Дыбыстық талдау сөзден жеке дыбыстарды бөліп алып және оларды атап берумен шектелмейді. Ол сөздегі дыбыстардың



бірізділігін, дыбыстық құрылымын сақтап, сол қалпында қабылдап және қайтадан еске түсіру шеберлігі айқындалады. Балалар ана тілінің дыбыстық құрылымының, әр дыбыстың маңызын түсінуі керек. (жуан, жіңішке, дауыссыз дыбыстардың дыбысталуы нұсқалары).

2. Сөздің дыбыстық құрылымын талдауды білу. Ашық буындағы дауыссыз дыбыстардың дыбысталуы одан кейін тұрған дауысты дыбысқа байланысты тәуелді екенін түсінуі балалардың буындап оқудың тез және нақтылы игеруге негіз болады.

3. Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес балаларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және орфографиялық дағды қалыптасуы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден тұрады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу дыбыстардың реттілігін сақтау, дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу бейнелеу. Басқы кезеңде бұл бөліктер арнайы қайталанады. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

4. Жазуға үйрету, партаға отыру, қаламды, дәптерді дұрыс қою ережелерін сақтаудан басталады. Жазу кезеңінде жарық баланың сол жағынан түсу.

5. Жазу үлгісі № 1 дәптерде әліппеге дейінгі кезеңде арналған баланың саусақ бұлшық еттерін жазуға икемдеп дайындау үшін тапсырмалар берілген, сол үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі.

6. Жазу үлгісі дәптерімен толық танысқаннан кейін оны партаның үстелдің үстіне 30 градус бұрыс жасайтындай жағдайда орналастыруға ерекше көңіл бөлу.

Жазу үлгісіндегі әрбір әріптің жеке элементтерін жазғызып, одан соң ол әріптің баспа түрін тұтастай жазуға үйретіледі.

Әрбір әріптің баспа және жазба түрі салыстырмалы түрде көрсетіліп отырады.

Жазу үстінде қалай отыру, қаламды қалай ұстау керектігі үнемі ескертіліп, тақтаның жанында ілулі тұрғаны жөн. Сонда ғана баланың жазуы жақсы, әдемі болады.

Жазуға үйрету сауат ашу кезеңі аяқталғаннан кейін де жалғаса береді.

Жазу сабағын жаттықтыру:

Балалар жазуды қаламмен жазады. Дайындық кезеңінде балалар жай және түрлі-түсті қарындаштарды және қаламдарды пайдаланады. Сыныпта, топта әліпби ілініп тұрады.

Әріптерді жазуға үйрету тәртібі мынадай:

1. Жаңа әрәпті таныстыру, көрсету, плакатта, дидактикалық , материалда дәптердің бетінде;
2. Мұғалім жаңа әріпті ауада және тақтаға жазып көрсетеді;
3. Дәптердегі жаңа әріптің үстінен басып жазу;
4. Жаңа әріп элементтерін және әріпті толық жазу;
5. Сөздерді жазу

Мұғалім жаңа әріпті тақтада жазылуын көрсете отырып түсіндіреді. Әр баламен қаламды ұстап жүргізіп,бір әріпті жазып көрсетеді.

Сауат ашу кезеңіндегі жазу сабағын құрылысы мынадай:

- сөзге дыбыстық талдау жасау;
- кеспе әріптерден сөз құрау;
- жаңа әріпті көрсету;
- жаңа әріпті тұтас жазу;
- Жаңа әріппен сөз, сөлем жазу;
- Балалардың жұмысын талдау.

Оқу мен жазуға үйрету бірге жүргізіліп отырады. Баланың дұрыс оқуға машықтану мен сауатты да әдемі жазуға үйретуі осы кезеңде жүзеге асырылады. Сондықтан мұғалім балаларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке үйрете отырып, өз жұмыстарына өздері баға беріп , қорытынды жасай білуге үйретуі тиіс.

Балалардың тілін дамыту- ана тіліне оқыту дың негізгі міндеті Алты жастағылар негізінен өз ана тілінде сөйлей алады. Олар тұрмыстық ауызекі, диалогты тілді меңгерген.

**3. Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар:**

а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып, сәл көлбетіле (оңға 65) қойылады;

ә) бала басын оңға не солға, иықтарын, кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет;

б) балалар табандарын еденге (партаның табан тақтайына) еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын я алға, я артқа сілтемей отырғаны дұрыс;

в) партаға кекіректі тіремеу керек. Өйткені бұл тынысты тарылтады жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан үш сантиметрдей жоғары тұратындай болып және қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келетіндей жағдайда болғаны жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы қашықтық 25—30 см сақталуға тиіс.

Сауат ашу кезінде жазу сабақтарында балалар әріп элементтерін немесе жекелеген әріптерді жазғанда ұзақ уақыт жазып отырмауын қадағалау керек. Өйткені ұзақ уақыт бір-екі элементті немесе бір әріпті жаза берсе, бала шаршайды да, сабаққа зейін қоюдан қалады, сондықтан үш — бес минут жазғаннан кейін қолдарына демалыс беріп, сонан соң құрамында үйреніп отырған әрпі бар сөздерді жазуға көшкені дұрыс. Жұмыс түрі өзгергенде балалар да оған зейін қоя бастайды.

Сауат ашу барысында балалар сөздер мен сөйлемдерді естерінде ұстап жазуға үйренулері қажет. Ол үшін айтылуы мен жазылуының арасында ешбір айырмашылық жоқ сөздер алынады және бұл кезде әріптердің таңбасы арқылы (жазба таңбасы) берілген сөздер мен сөйлемдерді көшіріп жазу ұсынылады, ал сауат ашу аяқталғаннан кейін, баспа таңбалы әріптер жазылған текстер көшіртіледі. Осы жұмыстардың бәрінде де оқушылар жазуға кіріспес бұрын сөздер дыбысқа, буынға талданады.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,5, 6

**№4 дәрістің тақырыбы: Жазу сауаттылығы және каллиграфиясы**

**Жоспар**

1. Жазу сауаттылығы мен каллиграфиясының өзара байланысы.
2. Графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру
3. Жазу сабақтарындағы орфография элементтері
4. Графикалық және каллиграфиялық қателерді болдырмау үшін жолдары
5. Жазба жұмыстарын бағалау және есепке алу

1. Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс жазуға үйрету жұмысында көзделетін негізгі мақсат-олардың қате жібермей, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. Бұл мәселе жөнінде де орыс мектептерінің емлеге үйрету методикасы тарихына зер саламыз. Өйткені сонау XIX ғасырдың екінші жартысында орыс мектебі үлгісімен оқу-ағарту ісін жаңаша құрған Ы.Алтынсариннен бастап орыс тілінің хат таныту, дұрыс жазуға үйрету әдіс-тәсілдерін қалыптастыру жолында алғашқы қадам жасады.

Орыс мектептерінде дұрыс жазуға үйрету методикасы ғұраматикалық және антиграмматикалық деген екі бағытта болды. Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский дұрыс жазуға үйретуді грамматиканың негізінде, грамматикалық анықтама-ережелерді саналы түрде қолдану арқылы жүргізу методын ұсынады. Демек, орфографиялық дағдыны қалыптастыруда грамматикалық бағытқа жетекшілік мән беріледі. Грамматикалық әдіс оқушылардың сөзді дұрыс жазу жолын саналы түсінуін қамтамасыз етеді. Оқушылардың сауатты жазу дағдысының қалыптасуына грамматиканың теориясы мен орфография ережелерін меңгерулері негіз қалайды.

Бастауыш сыныптың сабақтарында оқушыларды сауатты жазуға үйрету мұғалімнің басты міндеті.

Сауатты жазуды әуелден меңгермеген баланың жоғары сыныпқа барғанда түзелуі қиынға түседі. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың жастары қатар болса да қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі.

Әр сыныптың өзіндік ерекшелігі ескеріліп зерттелгеннен кейін, білім деңгейіне сай тапсырма беріледі. Сауат ашу кезеңінде сөйлем, сөз, буын, дыбыс ұғымдарын меңгертуде оқулықта берілген суреттер арқылы тіл дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Сауатты жазу дегеніміз әріптерді тастамай, шатастырмай жазу. (Оқушыға буындап оқыту, сөздерді буынға дұрыс бөлгізу керек. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жазады.) Ол үшін дыбыс пен әріп туралы түсініктерін 1-ші сыныптан-ақ дұрыс қалыптастыру қажет.

2. Адамның психикасы ақыл, сезім және ерік қызметтерінің түрліше формаларынан көрінетіндіктен, оны психофизиологиялық процесс деп атайды. Дүние тануға қажет ақыл-ой қызметі үшін түйсік пен қабылдау, ес пен ойлау, сезім мен қиял, зейін мен еріктің үлкен мәні бар. Баланың психикалық дамуы деген не? Баланың қуануы,

шаттануы, қиялдануы, ренжуі, ашулануы, жылауы, сөйлеуі — осылардың бәрі баланың әлеуметтік өмір тіршілігіне байланысты ішкі дүниесін, психикасын сипаттайды. Баланың нәзік, өскелең табиғатына жарасымды әдептілік, адамгершілік, естілік т. б. с. с. қасиеттер оның өсетін ортасындағы тәлім-тәрбиенің арқасында және қайшылықтарды жеңу үстінде қалыптасады, өйткені психикалық дамудың өзі баланың ұмтылуы мен оған жету жолындағы мүмкіндіктерінің арасындағы қайшылықтардың салдарынан туады (мысалы, ми қабығында болатын қозу мен тежелу, механикалық еспен логикалық ес, ескі білім мен жаңа білім т. б.).

Балаға қойылатын талаппен сол талапты орындай алу мүмкіншілігі арасында да көптеген қиындықтар, кедергілер мен қайшылықтар кездесетіні белгілі. Бала өзін ересек адам етіп көрсетуге тырысады, өзін асыра бағалайды, бірақ оның ақыл-ой өрісі, білімі, немесе тәжірибесінің аздығы оған кедергі болады. Сонымен қатар бала ішкі қайшылықтардан басқа сыртқы қайшылықтарға да кездеседі. Мысалы, әлеуметтік орта баладан мәдениетті, әдепті, сыпайы мінез-құлықты талап етеді, ал олар мұндай мінез-құлыққа дағдыланып жетпеген. Осы қайшылықтарды жеңу жолында да оған көптеген қиындықтар кездеседі.

Адамның нерв жүйесі өзін қоршаған ортамен үздіксіз байланыс процесінде дамиды. Оқыту мен тәрбиеде мұғалімнің міндеті — баланың саналы қызметінің формалары мен даму заңдылықтарын білу және сол процеске, белгілі бағытта мақсат көздеп, әсер ету.

Сонымен психикалық даму дегеніміз, жалпы алғанда, адамның қалыптасуындағы сапалық және сандық «өзгерістер, ал жекелеп алғанда, анатомиялық-физиологиялық есею, нерв жүйесінің жетілуі білімінің артуы, сезім мен моральдық ұғымдардың пайда болуы, психикалық процестердің қайта құрылуы, дүниеге көзқарастың қалыптасуы, белсенділік пен өзінше әрекет етудің көрінісі, белгілі бір мінез-құлыққа дағдылану. Адамның психикалық қабілеті сезім мүшелеріне сыртқы дүниенің ықпал етуі арқылы, сезім мүшелерін жаттықтыру арқылы дамиды.

1. Мұғалімнің сұрағы бойынша әңгіменің мазмұны талданады. Мұнда мұғалім сұрақтарды күні бұрын дайындап қояды. Сұрақтар балалардың жауап берулері үшін оңай, сөйлемді дұрыс құруға жәрдемдесетіндей болу керек.

2. Әңгімедегі әр сөзге фонетикалық талдау жасалады, жазылуы қиындау деген сөздер түсіндіріледі.

3. Текстегі көп нүктенің орнында болған сөздерді естерінде сақтап оқиды.

4. Тексті дәптерлеріне көшіреді; көшіру барысында көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып қояды.

5. Мұғалім көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазады.

6. Балалар өздері тауып жазған сөздерін тақтадағы жазылған сөздермен салыстырып тексереді.

**3.** Оқушыларды дұрыс жазуға дағдыландыру ісінде грамматикалық бағыттың күшке енуіне методист А.М. Пешковский (1878-1933) елеулі еңбек сіңірді. Сөйтіп қазір біздің оқыту жүйемізде орфографиялық дағды берудің негізіне грамматикалық білім алынды. Ал, орфографиялық дағды беру процесінде көру, есту, сөйлеу аппараты, қол қимылы және сөйлеу факторлары өз тұстарынан қызмет көрсетеді. Сонымен қатар үйренілетін орфограмманың сипатына қарай факторлардың атқаратын рөлі бірде артып, бірде кеміп отырады.

Сауатты жазу дағдысы емле ережелерін жақсы білуге байланысты қалыптасады. Оқушылар емле ережелерін өз бетімен емес, мұғалімнің үйрету нәтижесінде ұғынады.

Орфография зерттейтін объектілер мыналар:

1. Әріптердің жазылу емлесі.  
2. Түбір мен қосымшалардың қолданылу жолдары.  
3. Сөздің бөлек-бөлек не бірігіп, я дефис арқылы жазылу емлесі, қысқарған сөздердің жазылуы.

4. Бас әріптердің қолданылуы мен жазылуы.

5. Сөздің тасымалдану жолдары.

6. Шылау сөздердің жазылу емлесі.

Мектеп бағдарламасы бойынша бұл орфограммалар бастауыш сыныптарда түгелдей өтіледі. Бірінші сынып оқушылары қазақ тілі пәні құрамында әріптердің және бас әріптердің жазылуын, сөздердің тасымалдану тәртібін, түбір сөздің жазылуы мен сөйлемдегі сөздердің бір-бірінен бөлек жазылатынын оқып, практикалық жұмыс орындау арқылы дұрыс жазу дағдысын қалыптастыра бастайды.

4. Мұғалім грамматика мен емледен оқушылардың білімін, дағдысы мен шеберлігін есепке ала отырып, олардың жақсы және олқы жақтарын біледі, ол өзінің дәптерінің бірнеше бетін сыныптағы

анағұрлым білімі нашар балаларға арнайды. Осы дәптерге үнемі сол балалардың қатесін белгілеп, жазып жүреді. Сөйтіп, мұғалім оқушылардың орфографиялық сауаттылығын қадағалап, кейбір оқушыларға жеке тапсырмалар береді.

Оқушылар жазу жұмыстарында қате жібермеу үшін өздіктерінен жұмыс жасауға тиіс. Осы тұрғыдан олар өздері қате жіберген сөздерін дәптерлеріне жазады, оны жою жолында жұмыс жасайды. Оқушы мұғалімнің басшылығымен сөздерді жазып қоюға ғана емес, сонымен қатар өздерінің қателерін жою үшін өздіктерінен жұмыс жасауға да үйренуге тиіс. Біршама уақыт өткеннен кейін мұғалім сыныппен жұмыс жасау кезінде немесе бір оқушыдан сабақ сұрау кезінде керекті сөзді жазғызады, қалай жазылып тұрғанын талдатады. Мұндай жұмыс балалардың белсенділігін арттырады.

Біраз уақыт өткеннен кейін (тоқсан аяғында, жарты жылдың аяғында, оқу жылы аяғында) мұғалім оқушылардың жұмыстарына толық талдау жасайды. Кейбір оқушыларға тән қателерді теріп жазады, осының нәтижесінде әрбір оқушының және бүкіл сыныптың үлгерімі жөнінде тұтас карта жасалады. Мұғалім балалардың қате жіберу мотивін анықтайды: 1) оқушы ережені білмегендіктен (кезінде түсінбеген немесе ұмытып қалған) жібергенбе?; 2) Ережені біледі, бірақ оны жазуда дұрыс қолдана алмаған, яғни ережені жазуда қолдану дағдысы қалыптаспаған; 3) Ережелерді араластырып шатастырады; 4) Жазып отырғанының мағынасына (не жазып отырғанының өзіне түсінбейді) түсінбей, зейін қоймай, механикалық түрде әрекет етеді; 5) Кейбір дыбыстарды қате естиді немесе өзі қате айтады да, өзін-өзі бақылай алмайды.

5. Әрбір материал мұғалім тарапынан жақсы түсіндіріліп, онан қаншама дұрыс дағды берілгенімен әр оқушының білімі, дағдысы мен шеберлігі есепке алынбаса, олардың материалды қалай меңгергені, мұғалім мен оқушылар еңбегінің барысы, нәтижесі және оған қалай жеткені белгісіз болады. Оның үстіне балалар өз еңбегінің нәтижесін біліп отырмаған соң, келесі еңбекке деген ықыласы азайып, сабаққа белсенділігі төмендейді. Сондықтан қай сабақ болмасын, балалардың алған білімдері, дағдысы мен шеберліктері есепке алынып отырылсын. Оның мынадай жолдарын көрсетуге болады: 1) бір сабақтың негізінде бағалау; 2) бірнеше сабақтың негізінде бағалау; 3) бір ғана жұмыстың негізінде бағалау.

Оқушылардың білімін бір сабақтың негізінде бағалағанда мұғалім сабақтың басынан аяғына дейін қай оқушының қандай сұрауларға, қалай жауап бергенін және қандай жұмыстарды орындағанын есепке алып отырады, Сабақтың соңында бірнеше оқушыға бүкіл сабақ бойы істеген жұмыстарының (еңбегінің) негізінде баға қояды және неге олай баға қойғанын бүкіл сыныпқа хабарлайды (дәлелдейді). Мұндай жағдайда мұғалім сабақ бойы кез келген оқушыдан сұрай алмайды: кімдерді бағалау керектігін, қандай сұраулар қоятынын, қандай жұмыстар жасайтынын алдын ала жоспарлап алады. Сабақта сұраулар бүкіл сыныпқа қойылып, дағдыландыру, жаттығу жұмыстарына барлық оқушылар қатыстырыла тұрса да, мұғалім білімін дағдысын, шеберлігін есепке алатын оқушыны іштей байқап, сұрағанда көбіне соларды тұрғызады. Мысалы, сыныпта оқушыларға деформаланған текст ұсынылып, ондағы сөйлемдерді тауып, соңына нүкте қою керектігі тапсырылды дейік. Оқушылар тапсырманы орындап болған соң, мұғалім олардан сөйлем жөнінде не білетіндерін сұрайды, 3—4 оқушыдан сұрағанына жауап алады:

- 1) аяқталған ойды білдіреді;
- 2) сөйлем өзара байланысты сөздерден құралады;
- 3) сөйлемнен соң нүкте қойылады;
- 4) әрбір жаңа сөйлем бас әріптен басталып жазылады.

Сол оқушылар өздіктерінен мысалдар келтіреді, талдайды. Мұғалім олардың сөйлем жөніндегі түсініктерін, дәлелдемелерін байқайды. Осыдан соң берілген тапсырманы бүкіл сыныптың қалай орындағаны жалпы тексеріледі. Бұл үшін жекелеген оқушылар орындарынан тұрғызылып, нүкте қойған, бас әріппен жазған әр сөйлемді оқиды. Алдыңғы сұралған 3—4 оқушыны тақтаға шығарып, олардың дәптерлерін тексереді; қажет болса, тақтаға сөз, сөйлем, сөз тіркесі жаздырылады. Балаларды бағалау үшін мұғалім бір сабақ бойы осылайша материал жинайды. Сабақ соңында бірер сұраққа жауап берген бірнеше бала және жаттығуды орындаған балалардың еңбектері де атаусыз қалмайды. Олардың қай сабақта қандай сұрауға жауап бергенін, қандай жұмысты орындағанын ескеріп жүріп, бірнеше сабақтағы еңбектері қорытылып бағаланады. Бұл үшін мұғалім өзінің арнаулы дәптеріне (балаларға көрсетпей), әр сабақтан кейін қажетті мәліметтерді жазып жүреді. Балалардың



әрбір жауабы, әрбір еңбегі ескерілетініне көзі жетсе, әр сабақта өз білетіндерін көрсетуге тырысады, белсенділіктері артады.

Оқушылардың білімін, дағдысын, шеберлігін үйге берілген тапсырманы орындауларына, жазбаша бақылау жұмыстарының нәтижесіне немесе сабақтың әр кезеңінде (әсіресе, жаңа сабақты түсіндіру я бекіту кезінде) бір күрделілеу сұраққа дұрыс, толық анық жауап беруіне қарай бағалауға да болады. Оқушының белсенділігін көтеруге, тапқырлығын арттыруға және өздігінен ойлай білуін күшейтуге бұл әдістің де пайдасы зор.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,5,6

**№5 дәрістің тақырыбы: Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясы**

**Жоспар**

1. Жазу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдері
2. Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясының мазмұны

**1.** Жазу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдері: әріп элементтерін үйрену кезеңі; әріптік кезең; жазбаша сөйлеудің қалыптасу дәрежесін көрсететін негізгі кезең.

Сауат ашу кезеңіндегі ең негізгі басты құрал — «Әліппе» және «Әліппе серігі». Әліппенің бас жағындағы түрлі тақырыптарға салынған суреттер де оқушылармен жүргізілетін дайындық жұмыстары үшін ең қажетті көрнекі құрал болып есептеледі. Әліппеде әрбір жаңа әріпті үйрету барысында жекелеген заттардың суреттері және тақырыптық суреттер де беріледі. Сонымен қатар онда балалардың ойы мен тілін дамыту үшін сюжетті картинкалар, әңгімелер, жұмбақтар т. б. бар. Әліппеге қосымша көрнекі құрал — кеспе әліппе. Кеспе әліппеден олар буын, сөз, сөйлем құрайды және оларды талдап, оқып үйренеді.

Әріптерді естерінде жақсы сақтау үшін суретті алфавит қолданылады; онда әрбір әріптің суреті мен атауы және сол әріптен басталатын заттың суреті салынады.

Әріптерді сақтауға арналған әріп кассасы жасалады. Әріп кассасының көлемі дәптердің ашып қойғандағы көлеміндей болады.

Қызыл, көк түсті төрт бұрыштар жасалады. Қызылы дауысты дыбысты, көгі дауыссыз дыбыстарды көрсетеді.

Бұл айтылғандардан басқа таблицалар да қолданылуы мүмкін. Мысалы дауысты, дауыссыз дыбыстарды өту барысында таблица қажет-ақ. Мұнда дауысты дыбыстың таңбасын қызыл түспен, дауыссыз дыбысты қара түспен ерекшелеуге болады.

Сөз құрастыру үшін буындар беріледі. Жазу жұмыстарында пайдалану үшін арнаулы «Жазу үлгісі» ұсынылады. «Жазу үлгісінде» әріптердің элементтері, жазба үлгілері беріледі.

Әр мектепте оқушылардың партаға түзу, дұрыс отыруы бейнеленген және жазу кезінде қаламды дұрыс ұстау, отыру үлгілері бейнеленген плакаттар болуға тиіс.

Сауат ашу кезеңінде пайдаланылатын дидактикалық материал да бар. Бұлар: сөздердің дыбыстық құрамын талдауға жаттығу үшін түрлі карточкалар; кейбір жағдайда олар — клеткалармен берілген заттық картинкалар, екінші бір жағдайды — әріптің жартысы мен қалған жартысының орнына клетка т. б. с. с.

Мұндай үлестіруге арналған дидактикалық материал — оқушыларға сөздің дыбыстық құрамын схемаға сүйеніп талдауы үшін көмекші құрал болып саналады. Оқушылар сөзді іштерінен айтады да, схеманы толтыруға кіріседі. (Дәптерге түсті бояу қарындашпен, тақтаға дөңгелекшемен, сызықшамен т.б.с. с). Сөздегі дыбыстарды тәртібімен талдап, дауысты, дауыссыздарын анықтап, оқушылар әріптерден сөз құрауға кіріседі. Алдыңғы дидактикалық материал екінші бір жолмен тағы қолданылады: 1) өтілген дыбыстардан қиындау буындар кездесетін сөздер құрастыру үшін; 2) балаларға анағұрлым ауырлық келтіретін дыбыстарды қайталап, бекіте түсу үшін (жоғарыда көрсетілген дыбыстар, жіңішкелік, жуандық белгілер т. б.); 3) картинкалармен жұмыс жасау үшін, логикалық жаттығулар орындау үшін; 4) әрбір оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, жұмыс ұйымдастыру үшін.

Баланың алғашқы жазуы- пиктографиялық жазудан (заттың суретін салу арқылы жазу) одан кейінгі екінші символикалық жазуы – идеограммалық жазуға (сөздің ойдың суретін салу арқылы жазу)көшіру процесі жазу механизіне үйретеді. Баланы нағыз жазуға үйрету жазу дағдысын қалыптастырумен келмейді,заттардың суретін салудан сөз суретін салуға көшу кезеңі арқылы үйренеді.

Жазба тіл дағдысына үйретудің жолын жоғарыда атап өтілгендей, тіл сабағын (Әліппе) бейнелеу өнері сабағымен интеграциялау деп таптық..

Мұндай интеграция тек тілді дамытып қана қоймайды. Табиғи тілдің басқа өнер тілімен ортақтығын ашып, тіл бейнелілігін арттырады. Мысалы, Әліппе сабағында Ы.Алтынсаринның әңгімелері талданған соң жазу сабағында әңгіменің негізгі идеясын білдіретін үзіндісі жазылып, одан кейінгі бейнелеу сабағында оқушылар өздері әңгіме мазмұнына сурет салады. Соңында осы әңгімеге бөлінген екі- үш сабақтарда әңгіме сахналанады да, соңғы жұмыс мазмұндама аяқталады. Барлық жұмыс бір мәтінді баланың саналы меңгеруіне бағытталады.

Жаңа әріпті және сол әріпті қатыстырып сөз, сөйлем жазуға үйренеді. Барлық әріп таңбасын дұрыс әрі көркем жазудың үлгісі көрсетіледі.

Әріппен жазуды үйрету мынадай тәртіппен орындалады:

1. Дыбыстың баспа және жазба әріптері көрсетіледі ,ол әріптер салыстырылады.

2. Әріптің жазылу үлгісімен таныстырылады.

3. Әріп тақтаға жазылып көрсетіледі және оны әріп элементтері арқылы қалай жазу керектігі түсіндіріледі.

4. Әріпті сөз ішінде басқа әріптермен қалай қосып жазу керектігі үйретіледі.

5. Көркем және таза жазу талабы қойылады.

6. Әрбір оқушының жазуын мұғалім бақылап, кемістігін түзетуге көмектесіп отырады.

Бірінші әріпті жазғаннан бастап жазу көркем болуға тиіс. Жазудың көркемдігі, эстетикалық әсері, ұқыптылығы мен тазалығы – жазу мәдениетінің өзекті бөлігі.

Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы ғана қойылады. Сондықтан қатесіз жазу қандай керек болса, көркем жазу да сондай қажет.

1-сыныпта көркем жазу сауат ашу кезеңінен басталады да, оқу жылына дейін үзбей жүргізіледі. Әдетте мұғалім жалпы жазу жұмысын, оның ішінде көркем жазуды бастаудан бұрын сныппен біршеме даярлық жұмысын жүргізу керек. Ондай даярлық жұмыстары жаза білу икемділігін меңгеруге керекті дәстүрлі ережелерді қамтиды.

Ережелерді меңгергеннен кейін, оқушылар кіші әріптер мен үлкен әріптерді жазуға көшеді. Әріптерді сөз ішінде бір- бірімен дұрыс байланыстырып қоса білуді үйретеді. Сауат ашу кезеңі біткен біткен соң, әріптерді дұрыс таңбалап жазуды қалыптастыру мақсатымен көркем жазу сабақтары жүргізілуге тиіс. Жазуды жазылуы оңай әріптермен бастап, жазылуы қиын әріптерді біртіндеп көшкен дұрыс. Оқу жылының аяғында оқушылардың жазу қарқыны біртіндеп жылдамдатуға көңіл бөлінеді. Кіші әріптер мен бас әріптерді алфавит ретімен жазу икемділігі қалыптастырылады.

2- сыныпта көркем жазу одан әрі жетілдіре түседі. Оқушының 1- сыныпта үйренген икемділі 2- сыныпта дамытылады.

2- сыныпта жүргізілген көркем жазудың негізгі мақсатқа жазу қарқынын жеделдету, біркелкі ритмикалық жазуға көшу.

Жалпы, көркем жазу жаттығулары қазақ тіліне арналған дәптерге жазылады. 1- сыныпқа әріптердің жазылу үлгісін мұғалім өзі жазып көрсетеді.

Көркем жазу жұмысының көлемі: 1-сыныпта - 2 жол, 2- сыныпта - 3 жол, 3-4 - сыныпта - 4 жол болады. Көркем жазуға оқушыларға жеке баға қойылмайды. Бұл жеке оқушының жазуын елемеу деген сөз емес. Оқушының әрбір жазба жұмысын бағалауда, оның каллиграфиялық сапасы мұқият ескеріліп, қазақ тілі бойынша қойылатын баға ішіне көрек жазу бағасы да есептеледі.

Жазу жұмысын жақсарту үшін мұғалім оқушы дәптерін жүргізуге қойлатын біртұтас арнайы талаптарды жүзеге асырады.

Оқу жылының екінші жартысынан бастап 1- сыныпқа көркем жазудан арнайы сабақтар жүргізу керек. Мақсат- әріптерді, сөздерді дұрыс, таза, түсінікті, жылдам, біркелкі жазуға үйрету. Мысалы: Мен өзім «Бас әріппен жазылатын сөздер» атты мақсатты сабақ өтіп, оқушыларға бас әріппен жазылатын сөздер туралы ұғым беріп және кісі аттарының бас әріппен жазылатыны туралы түсінік беремін. Оқушыларға таза, сауатты жазуға және каллиграфиялық дұрыс жазуға үйретемін.

Сондай-ақ, мұғалім әріптердің белгілі биіктік пен ендікке біркелкі көлбеу жазылуын бақылай алады. Әріптерді жазу алдыңғы жазу қарқынын жылдамдатуға, сөздегі әріптерді бөлмей жазуға арналған жаттығулар біртіндеп күрделенеді.

Оқушылардың оқулықтағы жаттығуды орындауын тексеріп, ондағы сұрақ- тапсырмаларды еркін оқып түсіну қандай қажет

болса, оған байланысты жазба жұмыстарын жедел орындауға соншалықты қажет екенін естен шығармау керек.

Сондай-ақ, жеке оқушымен дербес жұмыс жүргізу, әрбір оқушының жазуындағы кемшіліктерді түзеуге көңіл бөлінеді. Соған байланысты графикалық жаттығулардың түрлері де көбейе түседі. 1-сыныптағыларға әріп тобымен жазу үзбей жүргізіледі.

1-4-сыныпта оқушылардың жазу икемділігі одан әрі жетілдіріледі. Әріптерді кішілеп етп, тез жазуға арналған графикалық жаттығулар жүргізіледі. Көркем жазу үлгісі қазақ тілі сабақтарының материалдарына тікелей байланысты болуы керек.

Әр сыныпта қазақ тілі сабағының 6-8 минуты көркем жазуға беріледі. Қажетті жағдайда жеке сабақ ретінде де өткізуге болады.

«Атамұра» баспасы шығарған әліппеге сәйкес жазу үлгілері шықты. «Жазу дәптері» үш бөліктен тұрады. Жазу жұмыстары бір сабақтың ішінде оқу материалдарымен үйлестіріле жүргізіледі. Дәптерге берілген үлгілер мен тапсырмалар оқулық мазмұнымен сәйкес, жазу дағдысын қалыптастыратындай, оқушының жас және психо-физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып жасалады.

Көркем жазуға үйрету жүйесі оқушылардың жас ерекшелігіне, даярлығына сабақтың мазмұны мен мақсатына қарай әр түрлі әдісті қамтиды. Қазіргі заман талабына сай әр мұғалімнің басты міндеті-оқушыны әдемі жазуға баулу, сауатты жазуға үйрету

**2.** Жазуға үйретудің міндеттері: оқушылардың қолының икемділігімен көзбен мөлшерлеу қабілетін жетілдіріп, оларды жазуға даярлау, графикалық дағдыларды қалыптастыру /әріптерді дұрыс жазу; сөзді, сөйлемді, тексті біркелкі анық жазу/. Жазуға үйрену нәтижесінде оқушылар дыбысы әріппен таңбалай білуге (фонетикалық-графикалық жазуға/, әріпті, сөзді, сөйлемді дұрыс, анық, таза жазуға , оларды кітаптан, тақтадан дұрыс көшіріп не есту бойынша жазуға , жазғанын тексеріп, қатесін түзете алатын болуға тиіс.

Оқушылардың каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру үшін көркем жазуға 1-ші сыныптың соңында барлық әріптерді өтіп болғаннан кейін және 2-ші сыныпта аптпсына 1 сағ, 3-4-ші сыныптарда әрбір грамматикалық сабақтарында 8-10 мин шамасында уақыт бөлінеді.

1-2-ші сыныптарда мынадай графикалық жаттығулар жүргізіледі: оқушылардың қол мен көз мөлшерінің өлшемін

жетілдіріп, жазуға даярлау, әріптерді графикалық ауыр-жеңілдігіне қарай белгілі ретпен бөлінген топтар бойынша жазуға үйрету: сызулы қиын жеке әріптерді жазу.

Бұл сыныптарда оқушылар тек әріптерді ғана жазып қоймайды, сонымен қатар сөздерді, сөйлемдерді, текстерді жазады, оларды көшіріп жазуға, есту бойынша жазуға төселеді.

3-4-ші сыныптар үшін жазылуы қиын әріптерді және әріптердің сөз ішінде өзара қосылу тәсілдерін үйретуге арналған графикалық жаттығулар орындалады. Сондай-ақ бұл сыныптарда баспа әріптерімен жазылған текстерді көшіріп жазуға, есту бойынша жазуға төселдіріледі. Мұндай графикалық жаттығуларды жүргізу барысында көлбеу жазу, сызықтарды параллель жүргізу, әріптердің көлемін, биіктігі мен енін біркелкі жазу, әріптерді жолдан шығармай жазу, әріпті бұзбай жазу, жазу тазалығы сияқты дағдыларды қалыптастыруға жете көңіл бөлінеді.

Әрбір оқушының жазу ерекшелігі есепке алынады. Осыған орай, мұғалім, 1-2-ші сыныптарда барлық оқушының дәптеріне, 3-4-ші сыныптарда 2-3 рет қате жіберетін оқушылардың дәптеріне әріптердің үлгісін жазып көрсетеді.

Көркем жазуға арналған графикалық жаттығулардың жазуы әрі таза, әрі көркем, оқуға көңіл, анық болу керек, мұның өзі оқушыларды эстетикалық талғамға, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуге көмектеседі.

Қазақ тілінен жүргізілетін негізгі жазба жұмыстары: көшіріп жазу, диктант, бақылау диктанты, сөздік диктант, көру диктанты, ескерту диктанты, түсіндірмелі диктант, шығармашылық диктант, т.б. мазмұндама және шығарма.

Көшіріп жазу жұмыстарын тексергенде де диктанттағыдай оқушылардың жазуына каллиграфиялық талап және бір қате болып диктантты бағалағандағы талаптар қалады да, жіберілген әрбір емлелік, тыныс белгілік қателер көшіріп жазу жұмысын бағалағанда қатеге есептеледі.

Көшіріп жазу үшін ұсынылған тексте шамамен үш тапсырма берілуі мүмкін. Мұндағы талдау грамматикалық ережелерге сәйкес болады.

«5» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

- Егер оқушы , тапсырамның барлығын дұрыс орындап, грамматикалық ережелерді меңгеріп, іске, асыра алса.

«4» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

- Егер оқушы ережелерді саналы меңгеріп, оны практикалық жұмыста дұрыс қолданып, берілген тапсырманың 3\4 -ін орындаса:

«3» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

- Егер өтілген материалдық кейбір бөлімдерін меңгеріп, тапсырманың жартысынан кемін орындаса:

«2» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

- Егер оқушы материалын жаман білетіндігін байқатса, грамматикалық тапсырмаларды орындамаса:

«1» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

- Егер оқушы ешбір тапсырманы орындай алмаса.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі.


Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты-балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сауат ашу-аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймады, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауати ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Әдемі жазу- өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келген күннен бастап баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезімбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді.

Оқушыларды көркем жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу керек: біріншісі- әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білу, екіншісі- әріп элементін дұрыс жазуға дағдыландыру, үшіншісі – жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуды қалыптастыру. Жас жеткіншектің көркем жазу дағдысы біртіндеп қалыптасады. Мұғалім бұл үшін жұмыстың әр түрлерін, оқыту әдіс- тәсілдерін тиімді пайдаланары сөзсіз. Түрлендірілген

жұмыстар оқушыларды қызықтырып қана қоймайды, логикалық ойлауын арттырады. Сауат ашудың дайындық кезеңінде оқушының қол икемдігі мен көз мөлшерлеу қабілетін жетілдіру графикалық дағдыларды қалыптастыру үшін суретті және сызықты жаттығуларды орындатады. Сонымен бірге бұл кезде штрихтау жаттығуларын орындатудың мәні зор. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті – ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Өртүрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау баланың қолын жаттықтырмайды оның сөйлеуі мен ойлауын жетілдіреді. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Сурет альбомы беттеріне жазу сызықтары сызылады да, жаттығулар жазу дәптеріндегі үлгідей орындалады. Оқушылар үшін геометриялық фигуралар мен әртүрлі зат бейнесінің трафареты дайындалады немесе олардың өздері дайын геометриялық фигуралар трафаретынан зат бейнесін құрастырады. Мұғалім альбомға салынған бейнелерді штрихтауды талап етеді.

Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, «оң», «сол», «шеті», «жоғары», «төмен», «түзу», «қисық», «дөңгелек» т.б ұғымдарды меңгереді.




Ал, сауат ашудың әліппе кезеңінде әріптерді жазып үйренеді. Әріптің толық таңбасы оның элементтерін ретімен жазу арқылы орындалады. Демек, әрбір әріпті жазып шығу дегеніміз-көп қырлы талдау процессін атқару деген сөз. Ал, мұның өзі мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала үшін аса күрделі іс-әрекет. Әріп элементтерін ретімен жазып үйрену ең алдымен оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерден қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап балаларды үзбей дағдыландыруға қажет. Тұтас әріпті үзбей жазғанда оның әр элементін жазудағы қимылдың аяқталуы келесі элементке жалғастырылады. «Үзбей жазуға жаттықтыру жұмыстары балаға қызықты тапсырма ретінде берілуі тиіс» деп бағдарламада көрсетілгендей, қызығушылықты оятатын




түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу мұғалімнен ізденушілікті талап етеді. Тәжірибеде қолданылып жүрген әртүрлі жаттығулар, айталық, әріптің тұтас бейнесін көрсететіндей суреттер салғызу, штрихтау, зат бейнесін әшекейлеу т.б тапсырмалар оқушылардың көркем жазу дағдыларының сапасын арттырады. Айталық, Нижне – Новгород қаласының мұғалім - әдіскері В.Ф.Одегова әрбір сабақ алдында саусақты жаттықтыру үшін түрліше жаттығуларды орындатады.

«Несімен ажыратылады?» жаттығуы



Бұл жаттығу әріптерді бірдей биіктікте, бірдей қашықтықта жазуға төселдіреді. Ал, келесі жаттығу көз бен қолдың бір координацияда жұмыс жасауын қалыптастырады: көз бірінші нүктеде, қол да бірінші нүктеде, көз жоғарыда, яғни екінші нүктеде, қол да жоғарыда, көз үшінші нүктеде, қол да төменде.



Бұл жаттығу қолды сенімді қозғауға үйретсе «бірдей биіктікте секіру» жаттығуы әріптерді ара қашықтығын сақтап жазуға машықтандырады.



Щербинка қаласының мұғалім - әдіскер В.А. Илюхина төмендегідей жаттығулар балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастырады деп ұсынады:

«Орнын белгіле» жаттығуы. Дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді.

«Әріпті тап» жаттығуы. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады да, оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді.

«Ғажайып алаң» ойыны. Тақтаға сөз жазылады. Мұғалім жасырылған сөздердің әрбір әрпін элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы : бүтін

күрсау мен оңға иілген қармақшадан тұратын кіші әріп десе, «а» әріпі екенін табады.

Баланың әлемі – бұл нақты заттың әлемі, егер баламен жақын болам десеңіз, оның жақсы мен психофизиялогиялық ерекшелінін ескеріңіз. Ойын түріндегі бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Олай болса, баланы ойын арқылы көркем жазуға жаттықтыратын жаттығу түрлерін қолдана білу-мұғалімнің төл ісі.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2,4,6,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 3,5,6

### **2.3 Семинар сабақтарының жоспары**

**№1 семинардың тақырыбы: Жазуға үйрету технологиясының пәні, мақсаты мен міндеттері**

#### **Сұрақтар**

1. «Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

2. «Жазуға үйрету технологиясы» пәні бойынша білім мазмұны

#### **Тапсырмалар**

1. «Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің мәнін ашып көрсететін проблемаларды анықтаңыз.

2. «Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сипаттама беріңіз.

#### **Әдістемелік нұсқаулар**

«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің мәнін ашып көрсетуде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясында қарастыратын негізгі проблемалары - оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, құралдары мен ұйымдастыру формаларын айқындау мен жетілдіру керектігіне баса назар аудару қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2,3, 4, 8,9,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

**№2 семинардың тақырыбы: Жазуға үйретудің тарихы**

#### **Сұрақтар**

1. Жазудың пайда болуының тарихи алғышарттары мен кезеңдері

## 2. Жазудың түрлері

### Тапсырмалар

1. Жазудың пайда болуының тарихи алғышарттары мен кезеңдерін анықтаңыз.
2. Жазудың түрлеріне сипаттама беріңіз.

### Әдістемелік нұсқаулар

Жазудың пайда болуының тарихи алғышарттары мен кезеңдерін бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясының тарихы бойынша әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде анықтауға болады.

Жазудың түрлеріне бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы курсы бойынша теориялық білімге сүйене отырып, беруге болады.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,5,6

## №3 семинардың тақырыбы: Жазуға үйретудің әдістері

### Сұрақтар

1. Жазуға үйретудің негізгі ерекшеліктері
2. Жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері
3. Жазуға қойлатын гигиеналық талаптар

### Тапсырмалар

1. Жазуға үйретудің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетіңіз.
2. Жазуға үйретудің әдіс-тәсілдеріне сипаттама беріңіз.

### Әдістемелік нұсқаулар

Жазуға үйретудің негізгі ерекшеліктерін оған қойылатын талаптарды анықтау арқылы бөліп көрсетуге болады.

Жазуға үйретудің әдіс-тәсілдеріне сипаттама беру барысында оқушылардың көркем жазу деңгейін анықтау, жазуға үйретудің мақсаты мен міндеттерін түсіндіру, жазуға үйретуге қажетті құрал-жабдықтармен таныстыру мәселесіне көңіл бөлу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,5, 6

## №4 семинардың тақырыбы: Жазу сауаттылығы және каллиграфиясы

### Сұрақтар

1. Жазу сауаттылығы мен каллиграфиясының өзара байланысы
2. Графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру

3. Жазу сабақтарындағы орфография элементтері
4. Графикалық және каллиграфиялық қателерді болдырмау жолдары
5. Жазба жұмыстарын бағалау және есепке алу

#### **Тапсырмалар**

1. Жазу сауаттылығы мен каллиграфиясының өзара байланысын ашып көрсетіңіз.
2. Графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтаңыз.
3. Графикалық және каллиграфиялық қателерді болдырмау жолдарын анықтаңыз.

#### **Әдістемелік нұсқаулар**

Тапсырмаларды орындауда мерзімді басылымдарда жарияланған және Интернет ресурстарында бар алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибелеріне сүйену керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,5, 6

### **№5 семинардың тақырыбы: Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясы**

#### **Сұрақтар**

1. Жазу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдері
2. Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясының мазмұны

#### **Тапсырмалар**

1. Жазу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдеріне сипаттама жасаңыз.

2. Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясының мазмұнын бөліп көрсетіңіз.

#### **Әдістемелік нұсқаулар**

Сауат ашу және тіл дамыту, қазақ тілі пәндері бойынша жазу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдерін көрсету керек.

Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясының мазмұнын бөліп көрсетуде мына әдебиеттерді оқып-үйреніп, басшылыққа алу керек: Кенжебекова Н. Оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру // Бастауыш мектеп. - №8 – 2005. –Б.15-16.

13. Қазыбаев С. Қазақ тілі әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1990. - 112 б.

14. Львов М.Р. Основы обучения правописанию в начальной школе. Учебное пособие для слушателей ФПК и студентов началь-

ных классов /Под ред. Журжиной М.В. – М.: Просвещение, 1988. – 229 с.

**Негізгі әдебиеттер:** 3,4,5, 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,5,6

**2.4 Лабораториялық сабақтардың жоспары** – оқу жоспарында қарастырылмаған

**2.5 Студенттердің оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары**

**№1 СООЖ тақырыбы: Жазуға үйрету технологиясының пәні, мақсаты мен міндеттері**

#### **Тапсырмалар**

1. «Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің негізгі міндеттерін анықтап, мазмұнын ашып көрсетіңіз. Оның схема түрінде сияптамасын беріңіз.
2. «Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің алатын орнын көрсетіңіз.

**СООЖ өткізу түрі:** топтық жұмыс, кеңес беру

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің міндеттері мен мазмұнын осы салада жүргізілген зерттеулерге, оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттерге сүйене отырып, анықтауға болады.

«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің алатын орнын ашып көрсетуде әрбір ғылым саласының заңдылықтарына тоқтала отырып, математиканы оқыту технологиясына ортақ проблемаларына көңіл аударған жөн.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2,3, 4, 12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

**№2 СООЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің тарихы**

#### **Тапсырмалар**

1. «Адамзат тарихындағы жазу» тақырыбына баяндама дайындаңыз.

2. «Адам іс-әрекетіндегі жазудың алатын орны мен рөлі, маңызы» тақырыбына хабарлама жасаңыз..

**СОӨЖ өткізу түрі:** проблемалық семинар

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1. «Адамзат тарихындағы жазу» тақырыбын тарихи зерттеулерді талдау негізінде анықтау қажет.

2. Адам іс-әрекетіндегі жазудың алатын орны мен рөлін, маңызын «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы және технологиясы» оқу пәнінің мазмұнын талдау негізінде кесте түрінде өрнектеуге болады.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2,3, 4, 6,7,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

**№3 СОӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің әдістері**

**Тапсырмалар**

1. Жазуға үйретудің әдістеріне қатысты негізгі ұғымдарды ашып көрсетіңіз.

2. Жазуға үйретудің әдістерінің мазмұнын анықтау жолдарын көрсетіңіз.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1-тапсырманы орындау барысында тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді талдау қажет.

2-тапсырманы орындау барысында қазақ тілін оқыту технологиясындағы бастауыш сынып оқушыларының сауатын ашу және тілін дамыту іс-әрекетінің мазмұны арасындағы байланыстың мәнін түсіну қажет.

**СОӨЖ өткізу түрі:** топтық жұмыс, кеңес беру

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

**№4 СОӨЖ тақырыбы: Жазу сауаттылығы және каллиграфиясы**

**Тапсырмалар**

1. «Сауатты жазу мәселелері» тақырыбына мақала дайындаңыз.

2. Бірінші сынып оқушыларының графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастырудың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1-тапсырманы орындау барысында дәріс материалдарына сүйену керек.

2-тапсырманы орындау барысында бастауыш сыныптардағы бірінші сынып оқушыларының графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысына қойылатын талаптарды анықтап алу керек.

**СОӨЖ өткізу түрі:** кеңес беру

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,4

**№5 СОӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясы**

#### **Тапсырмалар**

1. Жазуға үйретудің оқу-әдістемелік жинағына сипаттама беріңіз
2. «Жазуға үйретудегі жаңашылдық» тақырыбына хабарлама дайындаңыз.

**СОӨЖ өткізу түрі:** практикалық жұмыс

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

Тапсырманы орындауда сауат ашу және тіл дамыту, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды пайдалану керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,6

**№6 СОӨЖ тақырыбы: Жазудың түрлері**

Тапсырмалар

1. Қазіргі қазақ жазуының түрлеріне сипаттама беріңіз.
2. Алфавиттік жазу тарихына шолу жасаңыз.

**СОӨЖ өткізу түрі:** практикалық жұмыс

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

Тапсырманы орындауда қазақ тілін оқыту тарихына байланысты әдебиеттерге және «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясының тарихы» пәнінен алған теориялық білімдерге сүйену керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,6

## **№7 СООЖ тақырыбы: Қазақ алфавитіндегі әріп кескіні мен реті**

### **Тапсырмалар**

1. Әріптерді тұтастай бағдарлауға үйрету, оларды тұтастай элементтері бойынша елестету әдістеріне сипаттама беріңіз.

2. Әріптерді кескіндеу мен оларды байланыстыра қосудың көптүрлілігі бойынша мысалдар келтіріңіз .

**СООЖ өткізу түрі:** практикалық жұмыс

Тапсырмаларды практикалық түрде орындап, көркем жазу үлгілерін көрсету керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,6

## **№8 СООЖ тақырыбы: Жазбаша сөйлеу-сөйлеудің ерекше түрі Тапсырмалар**

1.Сөйлеу әрекеті туралы түсінік беріңіз.

2. «Адам қызметіндегі жазбаша сөйлеудің рөлі» тақырыбына баяндама жасаңыз

**.СООЖ өткізу түрі:** топтық жұмыс

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

1-ші тапсырма бойынша негізгі ұғымдарды анықтап, глосарий жасаңыз.

2-ші тапсырманы орындауда баяндамаға қойылатын талаптарға сәйкес тақырыптың мәнін ашып көрсету керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

## **№9 СООЖ тақырыбы: Жазуға үйретуде көрнекі құралдарды пайдалану**

### **Тапсырмалар**

1. Жазуға үйретуде қолданылатын көрнекі құралдарды анықтаңыз.

2. Жазуға үйретуде көрнекі құралдарды пайдалану жолдарын анықтаңыз.

**СООЖ өткізу түрі:** практикалық жұмыс



### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

Жазуға үйретуді басқару және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі көрнекі құралдардың түрлерін атаңыз, олардың әрқайсысының мазмұндық сипаттамасын жазыңыз.

Жазуға үйретуде көрнекі құралдарды пайдалану бағдарламасын құрыңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,6

### **№10 СӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретуде ақпараттық құралдарды пайдалану**

#### **Тапсырмалар**

1. Жазуға үйретуде ақпараттық құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін анықтаңыз.

2. Жазуға үйретуді әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру бойынша ақпараттық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар жүйесін анықтаңыз.

**СӨЖ өткізу түрі:** практикалық жұмыс

### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар**

Жазуға үйретуден оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі ақпараттық технологияларды және талаптар жүйесін анықтауда әліппе, қазақ тілі, ана тілі оқулықтарына және Интернет ресурстарына сүйене отырып, схема түрінде бөліп көрсетуге болады.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,4,6

### **2.6 Студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша сабақтар жоспары**

**№1 СӨЖ тақырыбы: Жазуға үйрету технологиясының пәні, мақсаты мен міндеттері**

#### **Тапсырмалар**

1. «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы және технология» курсы бойынша алған білімге сүйене отырып, «Жазуға үйрету технологиясы» пәнінің атқаратын қызметін ашып көрсетіңіз.

### **Әдістемелік ұсыныстар:**

«Жазуға үйрету технологиясы» пәнінің атқаратын қызметіне сипаттама бере отырып, олардың әрбір бөлігінің мәнін ашып көрсету керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2,3, 4, 11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,2,3

**№2 СӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің тарихы**

#### **Тапсырмалар**

1. Тарихи тұрғыдан «жазу» ұғымына түсінік беріңіз.
2. Жазуға үйретудің тарихына қатысты әдебиеттердің тізімін құрыңыз және әрқайсысына аннотация жазыңыз.
3. Ежелгі түркі жазбаларындағы жазуға байланысты зерттеулерді оқып-үйреніп, талдау жасаңыз.

### **Әдістемелік ұсыныстар:**

Тіл білімі мен бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту технологиясының тарихы бойынша әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде анықтауға болады.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,5,6

**№3 СӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің әдістері**

#### **Тапсырмалар**

1. Жазу процесінде жаттығудың алатын орны, мазмұны.
2. Жазу процесінде әріп элементтерін үйрену кезеңі.
3. Жазу процесінде әріптік кезең.

### **Әдістемелік ұсыныстар:**

Бірінші тапсырма бойынша Әліппе және ана тілі, қазақ тілі оқулықтарынан арнайы жаттығулар арқылы мысалдар келтіру керек.

Әрбір кезеңдегі жұмыс мазмұнын нақты мысалдар арқылы ашып көрсету қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,5, 6

**№4 СӨЖ тақырыбы: Жазу сауаттылығы және каллиграфиясы**

#### **Тапсырмалар**

1. Жаңа әріптерді – бас және кіші – басқа әріптермен қоспай жазу.
2. Әріптер тіркесін, буынды жазу, тұтас сөз бен сөйлемді жазу.

3. Бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдысын қалыптастырудағы өздік жұмыстар.

**Әдістемелік ұсыныстар:**

1-2 тапсырмаларды №1,2,3 жазу дәптеріне (Наурызбаева Ә., Изғұттынова Р. Жазу дәптері №1,2,3. – Алматы:Атамұра, 2008 ж.) орындау қажет.

3-тапсырма бойынша оқушыларға ұсынылатын мысалдар құрастыру қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 1,5, 6

**№5 СӨЖ тақырыбы: Жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі технологиясы**

**Тапсырмалар**

1. Жазуға қойылатын талаптар.
2. Әріптердің дұрыс және әдемі салынуы.
3. Әріптердің дұрыс байланысуы.

**Әдістемелік ұсыныстар:**

1-тапсырманы орындауда оқу бағдарламаларын талдау жасау керек.

1-2 тапсырмаларды көркем жазу дәптеріне (Трофимова С.В. Балапанның дәптері. Көркем жазу. – Алматы: «8&8», 2010. – 24 б.) орындау қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 3,4,5, 6,7,8,10,11,12

**Қосымша әдебиеттер:** 4,5,6

**2.6.1 Курс бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары**

**Реферат тақырыптары**

1. Жазуға үйрету технологиясының оқытудың маңызы мен келешегі

2 Жазу сабақтарында орфография элементтері

3 Жазуға үйретуге арналған оқу құралдары

4 Бастауыш мектепте жазуға үйрету технологиясының мазмұны

5 Дәстүрлі, қазіргі жаңа шрифт және оларды оқыту процесінде қолданудың ерекшеліктері

6 Қазақ тілі орфографиясының негізгі принциптері

7 Қатені болдырмау үшін жүргізілетін жұмыс

8. Жазу және тіл дамыту

9 Жазу жұмысының мақсаты

10 Оқушылардың жазу дағдысын қалыптастырудың физиологиялық ерекшеліктері

**2.6.2 Курстық жұмыс оқу жоспарында қарастырылмаған.**

**2.7 Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық тұрғыдан өткізу**

Тақырып	Сабақтың түрі	Бағдарламалық өнімнің тауы	Қол жеткізу орны	Арнайы аудиторияның атауы
Жазуға үйретудің әдістері	Дәріс	Сарбасова Қ.А. «Жазуға үйретудің әдістері» тақырыбына мультимедиялық көрсетілім	Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі кафедрасы	219/10
Жазуға үйретуде ақпараттық құралдарды пайдалану	СОӨЖ	Сарбасова Қ.А. «Жазуға үйретуде ақпараттық құралдарды пайдалану» тақырыбына мультимедиялық көрсетілім	Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі кафедрасы	219/10

## **2.8 Өзіндік бақылау үшін ұсынылатын тест тапсырмалары**

1. Жазуда жіберілетін қателердің ішінен каллиграфиялық қатені тап:

А) Әріптерді дұрыс байланыстырмау.

В) Әріп тастап кету.

С) Сөздерді қосып не бөліп жазу.

Д) Дыбысты дұрыс таңбаламау: Амангелді Аманкелді.

Е) Буын тастап кету.

2. Ережелерді дұрыс пайдалану дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін диктант түрі:

А) Көру диктанты.

В) Бақылау диктанты.

С) Ескерту диктанты.

- D) Сөздік диктанты.
- E) Әріп диктанты
3. Диктантта жіберілетін мына қателер есепке алынбайды:
- A) Екі ұқсас жіберілген пунктуациялық қате.
- B) Жіберілген қателердің ережесі оқылмаған болса.
- C) Бір орфографиялық қате.
- D) Бір сөзді мәтін мазмұнын бұзбайтындай екінші сөзбен ауыстырылса.
- E) Бір қате екі рет қайталанған болса.
4. Бақылау диктантына арналған сөз саны мынаныпта 55-56 сөз болады:
- A) 1 сынып.
- B) 2 сынып.
- C) 3 сынып.
- D) 4 сынып.
- E) Барлық сыныптарда.
5. Қазақ тілінің орфографиясын терең зерттеген:
- A) Ш. Әуелбаев.
- B) К. Жолымбетов.
- C) Д. Әлімжанов.
- D) И. Ұйықбаев.
- E) Х. Арғынов.
6. Орфографиялық жаттығулар:
- A) Морфологиялық және синтаксистік.
- B) Аналитикалық, синтетикалық.
- C) Көшіру, диктант, мазмұндама.
- D) Фонетикалық.
- E) Жалпылау, салыстыру.
7. Орфографиялық қырағылық:
- A) Мәтіндегі орфограмманы байқау қабілеті, оның типін анықтау.
- B) Морфемалардың мағынасын түсіну.
- C) Дұрыс сөйлеу.
- D) Сөзді дұрыс жазу.
- E) Сөйлемді дұрыс талдау.
8. „Жазу дыбыстық жүйеге негізделген, яғни сөйлеуде қалай естілсе, жазуда солай таңбаланады„. Бұл жерде мына орфографиялық принцип сөз етіледі:
- A) Морфологиялық.

- В) Фонетикалық.
  - С) Дәстүрлі.
  - Д) Грамматикалық принцип.
  - Е) Синтаксистік принцип.
9. Жазуға үйрету әдістері:
- А) Көшіріп жазу.
  - В) Штрихтарды қосу.
  - С) Генетикалық әдіс.
  - Д) Ритмикалық.
  - Е) Әріп тастамай жазу.
10. Графикалық дағды қалыптастырудың мына кезеңінде „Әріп элементтерін жазып үйрену,, жүзеге асады:
- А) 1-кезеңде.
  - В) 2-кезеңде.
  - С) 3-кезеңде.
  - Д) 4-кезеңде.
  - Е) 5-кезеңде.
11. Оқушылардың көру сезімі арқылы қабылданған әріп, буын, сөйлем және мәтіндерді жазбаша өрнектеу:
- А) Диктант.
  - В) Көшіріп жазу.
  - С) Орфографиялық талдау.
  - Д) Мазмұндама.
  - Е) Шығарма
12. Көркем жазу сабақтарында мыналар жетілдіріледі:
- А) Сөйлемді жаза білу.
  - В) Мазмұндама жаза білу.
  - С) Схемалар құра білу.
  - Д) Әріптің элементін дұрыс жаза білу.
  - Е) Жазбаша жұмыстарды дұрыс орындау
13. Жазбаша жұмыстардың түрлері:
- А) Шығарма.
  - В) Мазмұндама.
  - С) Өзіндік жұмыстар.
  - Д) Баспа мәтіннен көшіріп жазу.
  - Е) Өздігінен әңгіме құрау.
14. Сауат ашу сабақтары үшін қажетті көрнекілік түрлері мен формаларын көрсетіңіз:

- A) Суретті таблицалар.
  - B) Мәтіні бар таблицалар.
  - C) Техникалық құралдар.
  - D) Әріптер мен буындар кассасы, дыбыстық-әріптік ленталар.
  - E) Жазушылардың портреті.
15. Жазу процесіне берілген дұрыс анықтаманы көрсетіңіз:
- A) Жазу - күрделі сөйлеу әрекеті.
  - B) Жазу - әріптерді сызу және байланыстыру.
  - C) Жазу - бұл дағды.
  - D) Жазу - дыбысты таңбалау.
  - E) Жазу - қимыл әрекетін көрсету
16. Сөйлеуге қойылатын талаптар:
- A) Жүйелілік.
  - B) Тілдік құралды дұрыс таңдау.
  - C) Басқаға түсінікті сөйлеу.
  - D) Қажетгі интонацияны таңдау.
  - E) Әдеби нормаға сәйкестігі.
17. Жаңа сөздердің жазылуымен таныстыру қалай жүргізіледі:
- A) Әр сабақта.
  - B) Әр сабақта емес.
  - C) Тақырып өтілгеннен кейін.
  - D) Тоқсанда бір рет.
  - E) Аптасына бір рет.
18. „Донбасс„ сөзінің орфографиялық нормаға сай жазылуы көрсетілген:
- A) Донбасқа.
  - B) Донбассқа.
  - C) Донбасты.
  - D) Донбастың.
  - E) Донбаспен.
19. Дұрыс жазуға дағдыландыру ішінде грамматикалық бағыттың күшіне енуіне үлес қосқан:
- A) К. Д. Ушинский.
  - B) Ы. Алтынсарин.
  - C) С. Рахметова.
  - D) В. Шереметевский.
  - E) А. И. Пешковский

20. Оқушылардың көру, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізілетін диктанттың түрі:

- A) Буын диктанты.
- B) Сөз диктанты.
- C) Бақылау диктанты.
- D) Көру диктанты.
- E) Сөз диктанты.

### Дұрыс жауаптардың кілті

Сұрақ нөмері	Дұрыс жауап (A,B,C,D,E)	Сұрақ нөмері	Дұрыс жауап (A,B,C,D,E)
1.	B	11.	B
2.	C	12.	D
3.	B	13.	D
4.	D	14.	D
5.	B	15.	A
6.	C	16.	A
7.	A	17.	B
8.	B	18.	B
9.	C	19.	E
10.	B	20.	D

### Студенттер білімін бағалау өлшемдері

Дұрыс жауаптар саны	Оценка
19-20	Үздік
16-18	Жақсы
10-15	Қанағаттанарлық
10 балдан төмен	Қанағаттанарлықсыз



## **2.9 Курс бойынша емтихан сұрақтары**

### **9. Емтихан сұрақтарының тізімі**

1. Жазуға үйретудің тарихы.
2. Жоғары білімді бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау жүйесінде “Жазуға үйретудің психологиялық – педагогикалық негіздері” оқу пәннің алатын орны мен маңызы.
3. Оқу пәннің білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттері, басқа пәндермен байланыстылығы.
4. Жазудың анықтамасы.
5. Жазудың пайда болуының тарихы алғышарты мен уақыты.
6. Жазудың түрлері.
7. Қазіргі қазақ алфавиті
8. Қазақ алфавитіндегі әріп кескіні мен реті.
9. Қазіргі шрифтің артықшылық және кемшілік тұстары.
10. Бірінші сынып оқушыларының жазу дағдысы графикалық – каллиграфиялық жазу дағдысы екендігі.
11. Жазуға үйрету тарихында каллиграфиялық жазу дағдысының басымдылығы.
12. «Графикалық жазу дағдысы» ұғымын жаңа тәсілмен түсіндіру.
13. Графикалық – каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыруың психикалық- физиологиялық ерекшеліктері.
14. Графикалық- каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру.
15. Психикалық- физиологиялық ерекшеліктері.
16. Сөйлеу әрекеті туралы түсінік және сипаттама.
17. Жазбаша сөйлеу-сөйлеудің ерекше түрі.
18. Адам өмірі мен қызметіндегі жазбаша сөйлеудің рөлі.
19. Жазу процесінің психологиялық – физиологиялық сипаттамасы.
20. Жазу дағдыларына машықтанудың үш кезеңі (әріп элементтерін үйрену кезеңі; әріптік кезең; жазбаша сөйлеудің қалыптасу дәрежесін көрсететін негізгі кезең).
21. Жазу дағдысын қалыптастыру заңдылықтары.
22. Жазуға үйрету үшін қажетті гигиеналық талаптар.
23. Жарық, мебель, дәптерлер, қаламсаптар, кестелер мен жазу үлгісі дәптерлері, бор, тақта, сергіту жаттығулары.
24. Бастауыш сынып оқушыларын жазуға үйретудің дәстүрлі және қазіргі әдіс-тәсілдері.
25. Жазуға үйретудің мақсат-міндеттері мен ұстанымдары.

26. Бастауыш мектептегі жазуға үйретудің әдістері мен тәсілдеріне сипаттама.
27. Жазуға үйрету әдістемесіндегі жаңашылдық.
28. Дәстүрлі шрифт.
29. Әріп кескіні үйлесіміндегі(конфигурациясындағы) күрделілік.
30. Әріптерді бөлшектеп үйрету. Үзікті жазу.
31. Жаңа шрифт.
32. Бір вариантты және тұрақты әріптердің кескіні.
33. Жазу дағдысын қалыптастыру кезеңдері.
34. Оқушы жазуына қойылатын талаптар:әріптердің дұрыс және әдемі салынуы,әріптердің дұрыс байланысуы.
35. Оқушы жазуына қойылатын талаптар:әріптердің дұрыс және әдемі салынуы.
36. Әріптердің дұрыс байланысуы.
37. Жазу сауаттылығы мен каллиграфиясының өзара байланысы.
38. Жазу сауаттылығы мен каллиграфиясының өзара байланысы.
39. Жазу сабақтарындағы орфография элементтері.
40. Графикалық және каллиграфиялық қателер туралы түсінік, оларды айырудың шарттылығы мен қажеттілігі.
41. Графикалық және каллиграфиялық қателерді болдырмау үшін жолдары.
42. Жазба жұмыстарын бағалау және есепке алу.
43. Жазуға үйретуге арналған оқу құралдары.
44. Оқу мен жазуға үйрету.
45. Жазуға үйретуге арналған оқу құралдарының орынды пайдалануы.

## Мазмұны

1. Оқу пәнінің бағдарламасы – SYLLABUS.....	3
1.1 Оқытушы туралы мәлімет .....	3
1.2 Пән туралы мәлімет .....	3
1.3 Перереквизиттер.....	3
1.4 Постреквизиттер.....	3
1.5 Пәннің қысқаша сипаттамасы .....	4
1.6 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және өткізу кесетесі .....	5
1.7 Әдебиеттер тізімі .....	6
1.8 Рейтинг-шкала .....	7
1.9 Курстың саясаты мен процедуралары .....	7
2. Пән бойынша оқу-әдістемелік материалдар .....	8
2.1 Курстың тақырыптық жоспары .....	8
2.2 Дәріс сабақтарының тезистері .....	8
2.3 Семинар сабақтарының жоспарлары .....	42
2.5 Оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс сабақтарының жоспары .....	45
2.6 Студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша сабақ жоспары .....	49
2.6.1 Курс бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары .....	51
2.6.2 Курстық жұмыстар тақырыптары.....	
2.7 Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық тұрғыдан өткізу.....	52
2.8 Өзіндік бақылау үшін тест тапсармалары .....	52
2.9 Курс бойынша емтихан сұрақтары .....	57

ОӘК кафедра мәжілісінде талқыланған  
(хаттама №9 «29» сәуір 2011 ж.)

ОӘК Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің  
Ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданған  
(хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 2011 ж.)

**«Жазуға үйрету технологиясы»**  
пәнінен  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

050102 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі  
мамандығына арналған

Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы

---

---

Подписано в печать г. Формат 60x84 1/16. Газетная бумага.  
Объем уч.-изд. л. Тираж \_\_ экз. Заказ №\_\_.

---

---

Отпечатано в типографии издательства КарГУ им. Е.А.Букетова  
100012, Караганда, ул. Гоголя, 38